ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ СТАТИСТИКА АГЕНТТІГІ
АГЕНТСТВО РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ПО СТАТИСТИКЕ

Қазақстан Республикасының «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Заңына сәйкес бұл материал көбейтуге (көшіруге) жатпайды, статақпараттарды өзінің жарияланымдарында (басылымдарында) пайдаланған жағдайда Қазақстан Республикасы Статистика агенттігіне сілтеме жасауға міндетті.

В соответствии с Законом РК «Об авторском праве и смежных правах» данный материал не подлежит размножению (копированию), при использовании статинформации в своих публикациях (изданиях) обязательна ссылка на Агентство Республики Казахстан по статистике.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ

СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

2007 жылғы қаңтар-қыркүйек
январь-сентябрь 2007 года

АСТАНА, 2007

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ

Ай сайынғы ақпараттық-талдамалы журнал

1991 жылдан бастап шығады

Құрылтайшы: Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі

Бас редактор - А.Мешімбаева

«Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуында» 2007 жылдың қаңтар-қыркүйегіндегі ел экономикасының дамуы туралы жедел статистикалық деректер бар.

«Қазақстан Республикасы және оның өңірлерінің әлеуметтік-экономикалық дамуының статистикалық көрсеткіштері» қосымшасында тиісті бөлімдер бойынша кестелік материал келтірілген.

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің «Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуы (жедел деректер)» ай сайынғы журналын электрондық түрде де ұсыну мүмкіндігі бар.

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, 010000
Астана қаласы, Сол жағалау, Министрліктер Үйі,
35 көше, 2 үй
Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі
Телефондар: 8 (7172) 74-95-09
Факс: 8 (7172) 74-95-46
Электрондық мекен-жай: stat@mail.online.kz
Веб-сайт: http//www.stat.kz

Шартты белгілер:

-	–	құбылыс жоқ
0,0	–	болмашы шама
…	–	деректер жоқ (табыс етілмеген)

Таралымы: 250 дана.
Көлемі = 14,22 ЕБТ

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 2002 жылдың 14 тамызында тіркелген № 3156-Ж

СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Ежемесячный информационно-аналитический журнал

Издается с 1991 года

Учредитель: Агентство Республики Казахстан по статистике

Главный редактор - А.Мешимбаева

«Социально-экономическое развитие Республики Казахстан» содержит оперативные статистические данные о развитии экономики страны в январе-сентябре 2007г.

В приложении «Статистические показатели социально-экономического развития Республики Казахстан и ее регионов» приведен табличный материал по соответствующим разделам.

Агентство Республики Казахстан по статистике имеет возможность предоставлять ежемесячный журнал «Социально-экономическое развитие Республики Казахстан (оперативные данные)» также в электронном виде.

Адрес: Республика Казахстан, 010001
г. Астана, Левый берег, Дом Министерств,
35 улица, д. 2
Агентство Республики Казахстан по статистике
Телефон: 8 (7172) 74-95-09
Факс: 8 (7172) 74-95-46
Электронный адрес:stat@mail.online.kz
Веб-сайт: http//www.stat.kz

Условные обозначения:

-	–	явление отсутствует
0,0	–	незначительная величина
...	–	данные отсутствуют (не представлены)

Тираж: 250 экз.
Объем = 14,22 УПЛ

Журнал зарегистрирован в Министерстве культуры, информации и общественного согласия Республики Казахстан 14 августа 2002 г. № 3156-Ж

© Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі, 2007
© Агентство Республики Казахстан по статистике, 2007

Мазмұны

1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы қаңтар-қыркүйектегі әлеуметтік-экономикалық дамуының қысқаша қорытындылары ... 5

2. Тауарлар мен қызметтер өндірісі ... 7

2.1 Еңбек өнімділігі ... 7
2.2 Өнеркәсіп өндірісі ... 8
2.3 Ауыл шаруашылығы ... 14
2.4 Құрылыс ... 16
2.5 Көлік ... 18
2.6 Байланыс ... 19
2.7 Сауда және өзге де қызметтер ... 21

3. Шағын кәсіпкерлік субъектілері мониторингі ... 24

4. Сыртқы сауда ... 27

4.1 Сыртқы сауда айналымы ... 27
4.2 ТМД мемлекеттерімен сыртқы сауда ... 28
4.3 Әлемнің басқа елдерімен сыртқы сауда ... 28
4.4 Төлем балансы ... 28

5. Инвестициялар ... 30

6. Бағалар ... 33

6.1 Тұтыну бағалары ... 33
6.2 Экономиканың нақты секторындағы баға ... 34

7. Қаржы жүйесі ... 38

7.1 Мемлекеттік қаржы ... 38
7.2 Кәсіпорындардың қаржылық қызметі ... 39
7.3 Ақша-кредит жүйесі ... 41

8. Еңбек рыногы және еңбекке ақы төлеу ... 44

8.1 Жалданып жұмыспен қамтылу ... 44
8.2 Жұмыссыздық және жұмыспен қамтамасыз ету ... 45
8.3 Еңбекке ақы төлеу ... 45

9. Халық табысы ... 47

10. Демографиялық процестер және әлеуметтік сала ... 48

10.1 Демографиялық ахуал ... 48
10.2 Халықтың ауру-сырқаулығы ... 49
10.3 Қылмыстылық ... 50

11. Қазақстан Республикасы өңірлерінің әлеуметтік-экономикалық жағдайы: салыстырмалы талдау ... 52

12. Конъюнктуралық зерттеулер ... 55

13. ТМД елдерінің әлеуметтік-экономикалық жағдайы ... 58

Содержание

1. Краткие итоги социально-экономического развития Республики Казахстан в январе-сентябре 2007 года ... 63

2. Производство товаров и услуг ... 65

2.1 Производительность труда ... 65
2.2 Промышленное производство ... 66
2.3 Сельское хозяйство ... 72
2.4 Строительство ... 74
2.5 Транспорт ... 76
2.6 Связь ... 77
2.7 Торговля и прочие услуги ... 79

3. Мониторинг субъектов малого предпринимательства ... 82

4. Внешняя торговля ... 85

4.1 Внешнеторговый оборот ... 85
4.2 Внешняя торговля с государствами СНГ ... 86
4.3 Внешняя торговля с другими странами мира ... 86
4.4 Платежный баланс ... 86

5. Инвестиции ... 88

6. Цены ... 91

6.1 Потребительские цены ... 91
6.2 Цены в реальном секторе экономики ... 92

7. Финансовая система ... 96

7.1 Государственные финансы ... 96
7.2 Финансовая деятельность предприятий ... 97
7.3 Денежно-кредитная система ... 99

8. Рынок труда и оплата труда ... 102

8.1 Занятость по найму ... 102
8.2 Безработица и обеспечение занятости ... 103
8.3 Оплата труда ... 103

9. Доходы населения ... 105

10. Демографические процессы и социальная сфера ... 106

10.1 Демографическая ситуация ... 106
10.2 Заболеваемость населения ... 107
10.3 Преступность ... 108

11. Социально-экономическое положение регионов Республики Казахстан: сравнительный анализ ... 110

12. Конъюнктурные обследования ... 113

13. Социально-экономическое положение стран СНГ ... 116

1. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ 2007 ЖЫЛҒЫ ҚАҢТАР-ҚЫРКҮЙЕКТЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ ҚЫСҚАША ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

Экономиканың нақты секторы. 2007 жылдың қаңтар-қыркүйегінде өнеркәсіп өндірісінің көлемі қолданыстағы бағамен 5402 млрд. теңгені құрады, бұл 2006 жылғы қаңтар-қыркүйектегіден 4,7% көп. 2006 жылғы осы кезеңмен салыстырғанда өңдеу өнеркәсібінде өндіріс көлемі 7,2%-ға, электр энергиясын, газ бен су өндіруде және бөлуде – 5,3%-ға, кен өндіру өнеркәсібінде – 3,1%-ға өсті.

2007 жылғы қаңтар-қыркүйектегі ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің көлемі ағымдағы бағамен 828,9 млрд. теңгені құрап, 2006 жылғы қаңтар-қыркүйекпен салыстырғанда 8,1% өсті.

2007 жылдың қаңтар-қыркүйегінде жүк тасымалдаудың жалпы көлемі (коммерциялық тасымалдаумен шұғылданатын көліктік емес ұйымдар мен кәсіпкерлер тасымалдаған жүк көлемінің бағасын есепке алғанда) 1525,4 млн. тоннаны құрап, 2006 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 5,1% өсті.

Есепті кезеңде бөлшек сауда тауар айналымының көлемі (қоғамдық тамақтандыру айналымынсыз) 1319,1 млрд. теңгені құрап, 2006 жылғы қаңтар-қыркүйекпен салыстырғанда 10,5% артты.

2007 жылдың қаңтар-қыркүйегінде негізгі капиталға жұмсалған инвестициялардың көлемі 2135,7 млрд. теңгені құрады, бұл 2006 жылғы қаңтар-қыркүйектегіден 11,9% жоғары.

2007 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша республикада 263957 заңды тұлғалар тіркелген, соның ішінде қызметкерлерінің саны 50 адамға дейінгілер - 249272. Жұмыс істеп тұрған заңды тұлғалар – 182395. Жұмыс істеп тұрған заңды тұлғалардың ішінде шағын кәсіпорындар – 168696 құрайды, олардан шағын бизнес субъектілері - 121733.

Сыртқы сауда. 2007 жылғы қаңтар-тамызда Қазақстанның сыртқы сауда айналымы (Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің деректері, ұйымдаспаған сауданы есепке алмағанда) 50168,3 млн. АҚШ долларын құрап, 2006 жылғы қаңтар-тамызбен салыстырғанда 31,2% өсті, соның ішінде экспорт – 29376,7 млн. АҚШ доллары (22,9% өсті), импорт – 20791,6 млн. АҚШ доллары (45,2% өсті) болды.

Баға. Тұтыну бағаларының индексі 2007 жылғы қыркүйекте 2006 жылғы қыркүйекпен салыстырғанда 111,2% құрады. Азық-түлік тауарларының бағалары 14,4%-ға, азық-түлік емес тауарлар – 7,5%, ақылы қызметтер – 10% өсті. Өнеркәсіп өнімін өндірушілердің бағалары 2007 жылғы қыркүйекте 2006 жылғы қыркүйекпен салыстырғанда 111,2% өсті.

Қаржы. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жедел деректері бойынша Қазақстан Республикасының Мемлекеттік бюджетіне түскен табыстар көлемі 2007 жылдың 1 қыркүйегіне 1796,6 млрд. теңгені құрады, шығындар – 1674,5 млрд. теңге. 2006 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда табыстар – 14,7%, ал шығындар 17,6% артты.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің деректері бойынша екінші деңгейдегі банктердің экономика салаларына салған кредиттік салымдары 2007 жылғы тамыздың соңына 7129,9 млрд. теңгені құрады. Кредиттік салымдардың жалпы көлемінде ұзақ мерзімді кредиттердің үлесі 78,8%, шетел валютасындағы кредиттердің үлесі 44,3% құрады. 2007 жылғы тамыздың соңына банк жүйесіндегі депозиттер көлемі 3766 млрд. теңгені құрады, бұл 2006 жылғы тиісті кезеңге қарағанда 56,3% көп, халық депозиттері (салымдары) 1437,2 млрд. теңге болды, және тиісінше, 78,4% көп.

Еңбек рыногы. 2007 жылғы қыркүйекте жұмыссыздар саны, сараптамалық бағалау бойынша, 597,9 мың адамды, экономикалық тұрғыдан белсенді халық санындағы жұмыссыздық деңгейі 7,1%, соның ішінде жұмыссыздар ретінде жұмыспен қамту органдарында тіркелген адамдар саны ағымдағы жылғы тамыздың соңында 65,5 мың адамды құрады, экономикалық тұрғыдан белсенді халық санындағы олардың үлесі – 0,8%.

Халықтың табысы. 2007 жылғы тамызда, бағалау бойынша, халықтың орта есеппен жан басына шаққандағы атаулы ақшалай табысы 25080 теңгені құрап, 2006 жылғы тамызбен салыстырғанда – 23,3%, нақты ақшалай табысы – 12,7% өсті.

2007 жылғы тамызда қызметкерлерге есептелген орташа айлық атаулы жалақы 54253 теңгені құрап, 2006 жылғы тамызбен салыстырғанда 28% өсті. Нақты жалақы 17% көбейді.

НЕГІЗГІ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ИНДИКАТОРЛАР

	Өлшем бірлігі	2007 жылғы қаңтар-қыркүйек	2007 жылғы қыркүйек	Өткен жылдық тиісті кезеңіне %- бен		2007 жылғы қыркүйек 2007 жылғы тамызға %-бен
				2007 жылғы қаңтар-қыркүйек	2007 жылғы қыркүйек	
А	Б	1	2	3	4	5
Экономикалық көрсеткіштер						
Өнеркәсіп өнімінің (тауарлардың, қызметтердің) көлемі	млрд. теңге	5402,0	679,2	104,7	102,1	98,2
Ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің көлемі	млрд. теңге	828,9	459,3	108,1	113,3	406,3
Көліктің барлық түрлерімен жүк тасымалдау	млн. тонна	1525,4	211,9	105,1	104,0	104,9
Байланыс қызметтерінің көлемі (өсу қарқыны салыстырмалы бағаларда), жедел деректер бойынша	млрд. теңге	258,4	34,8	133,8	136,8	104,8
Өткізудің барлық арналары бойынша бөлшек сауда тауар айналымы	млрд. теңге	1319,1	168,0	110,5	109,8	102,2
Сыртқы сауда айналымы [1)2)]	млн. АҚШ доллары	50168,3	6741,1	131,2	122,4	98,8
соның ішінде:						
экспорт		29376,7	3864,2	122,9	119,5	104,3
импорт		20791,6	2876,9	145,2	126,7	92,2
Негізгі капиталға жұмсалған инвестициялар	млрд. теңге	2135,7	351,9	111,9	117,7	125,4
Тұтыну бағаларының индексі				108,6	108,6[3)]	102,2
Өнеркәсіп өнімін өндірушілер бағаларының индексі				107,5	115,4[3)]	98,6
Жұмыссыздар саны (бағалау)	мың адам	-	597,9	-	99,4	102,5
Орта есеппен жан басына шаққандағы ақшалай табыс (бағалау)[1)]	теңге	189988	25080	126,7[4)]	123,3[4)]	102,3
Нақты ақшалай табыс (бағалау)[1)]	%-бен			117,1[4)]	112,7[4)]	101,6
Бір қызметкердің орташа айлық жалақысы[1)]:						
атаулы	теңге	50128	54253	129,7	128,0	101,5
нақты	%-бен	-		119,9	117,0	100,8
Қаржы көрсеткіштері[5)]						
М3 ақша жиыны	млрд. теңге		4572,1		154,2	99,0
Айналымдағы қолма-қол ақша	млрд. теңге		806,1		145,2	98,9
Банк жүйесіндегі депозиттер	млрд. теңге		3766,0		156,3	99,0
соның ішінде халық депозиттері	млрд.теңге		1437,2		178,4	99,0
ЕДБ-ның экономика салалары мен халыққа кредит беруі	млрд. теңге		7129,9		198,9	103,7
соның ішінде ұзақ мерзімді кредиттік салымдар	млрд.теңге		5618,9		213,0	103,5
Кәсіпорындар мен ұйымдардың пайдалылығы[6)]	в %	35,9				
Кәсіпорындар мен ұйымдардың дебиторлық берешегі[6)]	млрд. тенге	3820,8		119,0		
Кәсіпорындар мен ұйымдардың міндеттемелер бойынша берешегі[6)]	млрд. тенге	9412,2		130,3		

[1)] 1-баған – 2007 жылғы қаңтар-тамыз; 2-баған – 2007 жылғы тамыз; 3-баған – 2007 жылғы қаңтар-тамыз 2006 жылғы қаңтар-тамызға %-бен; 4-баған – 2007 жылғы тамыз 2006 жылғы тамызға %-бен; 5-баған – 2007 жылғы тамыз 2007 жылғы шілдеге %-бен.

[2)] Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің деректері, ұйымдаспаған сауданың есебінсіз.

[3)] 2006 жылғы желтоқсанға.

[4)] 2006 жылғы қаңтар-тамыздағы және тамыздағы нақтыланған деректерге %-бен.

[5)]ҚР Ұлттық Банкінің деректері бойынша, 2007 жылғы тамыздың соңына.

[6)] 1 баған– 2007 жылғы II тоқсан; 3 баған – 2007ж. II тоқсан %-бен 2006ж. II тоқсанға

Ескерту: Өнеркәсіп өнімінің көлемі тиісті жылдардағы кәсіпорындар құрылымы бойынша келтірілген. Өткізудің барлық арналары бойынша бөлшек сауда тауар айналымы қоғамдық тамақтандыру қызметтерін есепке алмайды.

2. ТАУАРЛАР МЕН ҚЫЗМЕТТЕР ӨНДІРІСІ

2.1 ЕҢБЕК ӨНІМДІЛІГІ

Жалпы экономика бойынша 2007 жылдың бірінші жартыжылдығында өткен жылдың тиісті кезеңіне еңбек өнімділігі индексі 109,2% құрады.

2007 жылдың бірінші жартыжылдығындағы еңбек өнімділігі

пайызбен

	2007 жылдың 1 жартыжылдығы				
	өткен жылдың тиісті кезеңіне			үлес салмағы	
	еңбек өнімділігінің индексі	жалпы қосылған құнның нақты көлем индексі	жұмыспен қамтылғандар санының өсу (кему) қарқыны	жалпы қосылғын құнның	жұмыспен қамтылған
Барлығы*	109,2	112,3	102,8	100,0	100,0
Ауыл шаруашылығы, аңшылық және орман шаруашылығы; балық аулау, балық өсіру	102,3	103,8	101,5	2,4	31,4
Ауыл шаруашылығы, аңшылық және орман шаруашылығы	102,3	103,8	101,5	2,3	31,2
Балық аулау, балық өсіру	103,0	104,9	101,8	0,1	0,2
Өнеркәсіп	104,8	106,8	101,9	31,5	12,1
Кен өндіру өнеркәсібі	101,0	105,4	104,4	16,5	2,6
Өңдеу өнеркәсібі	107,3	109,0	101,6	13,0	7,3
Электр энергиясын, газ бен су өндіру және бөлу	105,6	105,6	100,0	2,0	2,2
Құрылыс	119,1	136,8	114,9	9,1	6,8
Сауда; автомобильдерді, тұрмыстық бұйымдар мен жеке пайдаланатын заттарды жөндеу	108,4	109,9	101,4	13,1	14,1
Қонақ үйлер мен мейрамханалар	108,6	111,6	102,8	0,8	1,3
Көлік және байланыс	108,7	111,7	102,8	11,3	7,3
Қаржы қызметі	145,8	168,2	115,4	6,0	1,1
Жылжымайтын мүлікпен операция-лар, жалға беру және тұтынушыларға қызмет көрсету	101,0	109,5	108,4	16,2	4,6
Мемлекеттік басқару	101,3	102,8	101,5	2,3	4,5
Білім беру	100,0	102,7	102,7	3,5	9,6
Денсаулық сақтау және әлеуметтік қызмет көрсетулер	100,0	102,3	102,3	2,0	4,4
Коммуналдық, әлеуметтік және дербес қызмет көрсетулер	108,0	104,8	97,0	1,8	2,8

* *Қаржы делдалдығының жанама өлшемді қызметтерсіз.*

2006-2007 жылдардың бірінші жартыжылдығындағы еңбек өнімділігі

өткен жылдың тиісті кезеңіне пайызбен



2.2 ӨНЕРКӘСІП ӨНДІРІСІ

2007 жылғы қыркүйекте өткен айларда қалыптасқан өнеркәсіп өндірісінің өсу қарқынының төмендеу үрдісі жалғасуда. Ағымдағы жылғы қаңтар-қыркүйекте өнеркәсіп өндірісінің нақты көлем индексі 104,7% (қаңтарда – 109%, қаңтар-наурызда – 109,6%, қаңтар-маусымда – 106,8%, қаңтар-шілдеде – 105,6%, қаңтар-тамызда – 105%) құрады. Ағымдағы жылғы қаңтар-қыркүйекте қолданыстағы бағамен 5402 млрд. теңгенің өнеркәсіп өнімі өндірілді. Өндіріс көлемінің өсуі, нақты көлем индексі – тиісінше 99,2 және 98,6% құраған Қарағанды және Солтүстік Қазақстан облыстарынан басқа, республиканың барлық өңірлерінде байқалады.

Өнеркәсіп өнімдерінің нақты көлем индекстері

өткен жылғы тиісті айға %-бен



Тұтастай өнеркәсіп бойынша көрсеткіштер құруға кен өндіру өнеркәсібі аса үлкен ықпал етеді, себебі оның үлесі республикалық өндіру көлемінде соңғы жылдары артып, 2007 жылғы қаңтар-қыркүйекте 56% (2000-2003 жылдары ол 46-48%) құрады. Өңдеу өнеркәсібіне өнеркәсіп өнімінің барлық көлемінің 38,7%-ы келеді (47-43% болған).

2006, 2007 жылдардың қаңтар-қыркүйегіндегі өнеркәсіп өнімдерінің нақты көлем индекстері және өнеркәсіптің салалық құрылымы



Кен өндіру өнеркәсібінде 2007 жылғы қаңтар-қыркүйекте 3023,8 млрд. теңгенің өнімі өндірілді, бұл 2006 жылғы қаңтар-қыркүйектегі деңгейден 3,1%-ға жоғары, бұл негізі Атырау және Маңғыстау облыстары кәсіпорындарының шикі мұнай және ілеспе газ өндіру көлемінің 3,8%-ға артуы есебінен болып отыр. Сондай-ақ, біріктірілген темір кендері мен теміркенді шекемтастарды өндірудің өсуі есебінен, темір кендерін өндіру көлемі 5,2%-ға артты. Сонымен қатар, негізінен кеніштерде қайта салу және жабдықты жөндеуге байланысты мыс кенін (90,4%) өндіру (Қарағанды облысы); кен құрамындағы металдың аз болу салдарынан (Шығыс Қазақстан облысы) және мыс кенін өндірудің төмендеуінен (Қарағанды облысы) мыс қойыртпасындағы мыс (93,7%) шығарудың азаюына байланысты түрлі-түсті металл кендерін өндіру (95,7%) қысқарды. Өнімге деген сұранысқа сәйкес көмір және лигнит өндіру 3,2%-ға (Павлодар облысы) төмендеді.

Кен өндіру өнеркәсібінің нақты көлем индекстері

өткен жылғы тиісті айға %-бен



Өңдеу өнеркәсібінде 2007 жылғы қаңтар-қыркүйекте 2089,4 млрд. теңгенің өнімі өндірілді. Саланың өсу қарқыны орташа республикалық деңгейден асып түсті. Сонымен, 2007 жылғы қаңтар-қыркүйекте нақты көлем индексі 107,2% құрады, республика бойынша 104,7% болған. Соңғы екі жылда өңдеу өнеркәсібінде кен өндіру өнеркәсібіне қарағанда жоғары өсу қарқыны байқалады.

Өңдеу өнеркәсібінің нақты көлем индекстері

өткен жылғы тиісті айға %-бен



2007 жылғы қаңтар-қыркүйекте 456,7 млрд. теңгеге ауыл шаруашылығы өнімі өндірілді, оның ішінде **тамақ өнімдерін өндіру, сусындарды қоса,** 410 млрд. теңгені құрады, бұл негізінен ет, шұжық өнімдері, дайындалған және консервіленген балық, жеміс пен көкөніс шырындары, күнбағыс және рапс майы, сүт, сары май; ұн, жарма, макарон және кондитерлік өнімдерді шығарудың артуы есебінен 2006 жылғы қаңтар-қыркүйектен 8,2%-ға артық болды. Сондай-ақ, сусындарды (алкоголь және алкогольсіз) өндірісі артты, олардың үлесі осы экономикалық қызмет түрлері көлемінің 20%-нан астамын құрайды. Өндірістің артуы Алматы, Қарағанды облыстарының және Алматы қаласының кәсіпорындарымен қамтамасыз етілген. Сонымен қатар, Алматы және Жамбыл облыстарының кәсіпорындарында жабдықтарды жөндеу және қайта өңдеуге шикізаттың жетіспеушілігіне байланысты қант өндірісі сияқты (2006 жылғы қаңтар-қыркүйек деңгейіне 70,9%) өзге де тамақ өнімдерінің шығарылуы қысқарды.

2007 жылғы қаңтар-қыркүйекте **тоқыма және тігін өнеркәсібінде** 22,4 млрд. теңгеге өнім өндірілді. 2006 жылғы қаңтар-қыркүйекпен салыстырғанда нақты көлемінің индексі 81,8% құрады. Қайта өңдеуге шикізаттың жетіспеушілігіне байланысты мақта талшығының (Оңтүстік Қазақстан облысы); өнімге сұраныстың жоқтығынан кілем және кілем бұйымдарын, мақта-мата шығаруы төмендеді. Сонымен қатар, свитерлер, жемпірлер, пуловерлер және осыған ұқсас заттардың; жұмыс киімі; қалпақтар және бас киімдер шығаруы артты.

2007 жылғы қаңтар-қыркүйекте 1,8 млрд теңгенің **былғары және былғарыдан жасалған бұйымдары мен аяқкиімдері** өндірілді, бұл 2006 жылғы қаңтар-қыркүйектегі деңгейден 29,9%-ға жоғары, ол негізінен Қостанай, Жамбыл облыстары мен Алматы қаласы кәсіпорындарында аяқкиімдер; Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстары кәсіпорындарында ірі қара малдың немесе жылқы тектес жануарлардың терісінен жасалған былғары шығарудың артуы есебінен болды. Сонымен бірге, шикізаттың жетіспеушілігіне байланысты қойдың, ешкінің және шошқаның терісінен жасалған былғары (Оңтүстік Қазақстан облысы) шығаруы қысқарды.

Сүрек өңдеу және ағаштан жасалған бұйымдар шығару көлемі 2007 жылғы қаңтар-қыркүйекте 6,1 млрд. теңгені немесе 2006 жылғы қаңтар-қыркүйектегі деңгейге 116,2% құрады. Ағаштан жасалған, сіңдірілген теміржол немесе трамвай шпалдарын; терезелер, есіктер және олардың рамаларын; ағаш материалдарын; құрылыстың құрама ағаш конструкцияларын; ағаш жәшіктерін шығару артты. Сонымен бірге, ағаш талшығынан жасалған тақталар өндірісі 60,3%-ға (Шығыс Қазақстан облысы) және ағаш жаңқасынан жасалған тақталар өндірісі – 85,7%-ға (Павлодар облысы) қысқарды.

Целлюлоза-қағаз өнеркәсібінде және баспа ісінде 2007 жылғы қаңтар-қыркүйекте 49,7 млрд. теңгеге өнім өндірілді, бұл өткен жылғы қаңтар-қыркүйектегі деңгейге 105,8% құрады. Өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда кеңірдектелген қағаз және қатырма қағаз; қағаздан немесе қатырма қағаздан жасалған жәшіктер және сөмкелер; газеттер, журналдар және мерзімдік басылымдар; қағаз қаптар мен пакеттер шығаруы артты. Сонымен қатар, өнімге сұраныстың азаюына байланысты Қостанай облысының және Алматы қаласының кәсіпорындарында тұсқағаз; қағаздан немесе қатырма қағаздан жасалған заттаңбалар және құлақша қағаздар; кітаптар, кітапшалар және соған ұқсас баспа материалдарын және электрондық түрдегі материалдар (61-94,5%) шығаруы төмендеді.

2007 жылғы қаңтар-қыркүйектегі өңдеу өнеркәсібі қызметінің жекелеген түрлерінің нақты көлем индекстері және үлес салмағы



2007 жылғы қаңтар-қыркүйекте **кокс, мұнай өнімдерін және ядролық материалдарды өндіруде** 129,3 млрд. теңгеге өнім шығарылды, бұл негізінен, керосин; мотор отынның (бензин); кокс және жартылай кокс; газойльдер; сұйылтылған пропан және бутан өндіруінің арттыруы есебінен өткен жылғы тиісті кезеңнен 10,6%-ға жоғары. Өндірістің артуын Атырау, Павлодар және Оңтүстік Қазақстан облыстары қамтамасыз етті, олардың үлесіне республикалық мұнай өнімдері көлемінің 90%-нан астамы келеді. Сонымен бірге, Атырау облысында – жылжымалы құрамның жоқтығынан; Павлодар облысында – өңдеуге арналған алыс-беріс шикізатының жетіспеушілігіне; Оңтүстік Қазақстан облысында – алыс-беріс шикізатын жеткізушілердегі өнімдерді өткізу рыногының шектелуіне байланысты отындық мазуттың (70,8%) шығаруы қысқарды.

Химия өнеркәсібінде 2007 жылғы қаңтар-қыркүйекте 51,6 млрд. теңгенің өнімі өндірілді, бұл минералды немесе химиялық азотты тыңайтқыштар; хром тотығын; натрий бихроматы және трифосфатын; фосфор; ортофосфор (фосфор) қышқылын; хромды ангидрид; фармацевтикалық препараттар шығаруының арттыруы есебінен 2006 жылғы қаңтар-қыркүйектегіден 34,2%-ға жоғары. Ағымдағы жылда Солтүстік Қазақстан облысында дәнді дақылдардан жасалған биоотын (биоэтанол) өндірісі жұмысын бастады, бұл отын ағымдағы жылғы қаңтар-қыркүйекте 3,3 мың тонна шығарылды. Сонымен бірге, өнімге деген сұраныстың төмендеуі салдарынан, тиісінше хром илегіш (Ақтөбе облысы) және күкірт қышқылын (Шығыс Қазақстан және Қарағанды облыстары) шығару қысқарды. Күкірт қышқылының жетіспеушілігінен Жамбыл облысында минералдық немесе химиялық фосфорлы тыңайтқыштар шығаруы қысқарды.

2007 жылғы қаңтар-қыркүйекте **резеңке және пластмасса бұйымдарын өндіруде** 35,5 млрд. теңгенің өнімі өндірілді, бұл пластмассадан жасалған құбырлар, түтіктер, жең және шлангілер; пластмассадан жасалған есіктер және терезелер; конвейерлік резеңке ленталар; пластмассадан жасалған қораптар, жәшіктер, тор ыдыстар шығаруын арттыру есебінен өткен жылғы қаңтар-қыркүйек деңгейінен 21,9% -ға жоғары. Сонымен бірге, жасасқан келісім-шарттарға сәйкес (Қарағанды облысы) резеңкеден жасалған құбырлар, түтіктер, жең және шлангілер шығаруы төмендеді.

Өзге де металл емес минералды өнімдер өндірісінде 2007 жылғы қаңтар-қыркүйекте 164,6 млрд. теңгенің өнімі шығарылды, бұл 2006 жылғы қаңтар-қыркүйектегі деңгейден 22,4% жоғары, бұл негізінен құрылыс қоспаларының; тауарлық бетон; цемент; тақтайшалар, тақталар, кірпіштер және осыған ұқсас цементтен, бетоннан немесе жасанды тастан жасалған бұйымдар; бетоннан жасалған құрама құрылыс конструкцияларын; әк; ғаныш-картон (109%-дан 192,4%-ға дейін) шығаруының арттуы есебінен болды. Мұның өзінде, сұранысқа сәйкес шыныдан жасалған бөтелкелер, қалбырлар мен флакондар (Алматы облысы) және өзге де шыны талшықтардан жасалған бұйымдар (Манғыстау облысы) шығаруы қысқарды.

М**еталлургия өнеркәсібінде және металдан жасалған дайын бұйымдар өндірісінде** ағымдағы жылдың басынан бері өндіріс қарқыны бәсеңдетілді. Сонымен, нақты көлем индексі қаңтардағы 114%-дан қаңтар-қыркүйектегі 102,3%-ға дейін төмендеді. Ағымдағы жылдың өткен кезеңінде 941,3 млрд. теңгенің өнімі өндірілді, оның ішінде қара және түсті металлургия өнімі тиісінше – 314,1 және 527,7 млрд. теңге. Сала үлесіне өңдеу өнеркәсібі көлемінің 45% келеді. **Қара металлургияда** жайма илек, болат, шойын, ферроқорытпалар, болаттан жасалған құбырлар және қуыскеуекті профильдер шығаруының арттыруы есебінен өндіріс 10% артты. **Түсті металдар өндірісінде** негізінен тазартылған мыс (Қарағанды облысы) шикізаттың жетіспеушілігіне байланысты; аффинаждалған алтын мен күміс (Шығыс Қазақстан об-

лысы) өңделген шикізат құрамындағы металдың аз болуына байланысты; өзге де өңделмеген алтын (Ақмола облысы) жабдықты жөндеуге байланысты өндірудің төмендеуіне байланысты нақты көлем индексі 97,6% құрады. Сонымен қатар, өңделмеген қорғасын және мыс сымдарын шығаруы артты.

Дайын металл бұйымдарын өндіру 2007 жылғы қаңтар-қыркүйекте 2006 жылғы қаңтар-қыркүйектегі деңгейге 102,7% құрады. Металл конструкциялар және оның бөлшектерінің; мұнай және мұнай өнімдеріне арналған резервуарлар; қара металдан жасалған сыйымдылығы 50-300 литр цистерналар, кеспектер, барабандар; қара металдан жасалған раковиналар, жуғыштар, ванналар шығару артты. Мұның өзінде, тапсырыстың жоқтығына байланысты орталық жылыту жүйесіне арналған қазандықтар мен радиаторларды; қымбат емес металдармен қапталған электродтарды шығару қысқарды.

2007 жылғы қаңтар-қыркүйектегі өңдеу өнеркәсібі қызметінің жекелеген түрлерінің нақты көлем индекстері және үлес салмағы

Машиналар мен жабдықтар шығаруда 2007 жылғы қаңтар-қыркүйекте 63,6 млрд. теңгенің өнімі шығарылды, бұл өткен жылғы тиісті кезеңнен 19,1% жоғары. 2006 жылғы қаңтар-қыркүйектегі деңгейге қарағанда орталықтан тепкіш сорғылар; мойынтіректер; тұрмыстық кір жуғыш және киім құрғатқыш машиналар; жинау машиналарының; мұнай кәсібіне арналған жабдықтар шығаруы артты. Мұнымен қатар, сұранысқа сәйкес қозғалтқыштар (Солтүстік Қазақстан облысы); экскаваторлар (Оңтүстік Қазақстан облысы); кен өндіру өнеркәсібіне арналған машиналар және мұнай-газ өңдейтін жабдықтар (Алматы қаласы) шығаруы қысқарған. Ағымдағы жылдың шілде айынан бастап, Қостанай облысында трактор өндірісі қайта басталды: өткен үш айда олар 20 дана шығарылды, бұл өткен жылғы қаңтар-қыркүйектегі деңгейден 2,4 есе төмен.

2007 жылғы қаңтар-қыркүйекте **электр жабдықтарын, электрондық және оптикалық жабдықтар** 44,8 млрд. теңгеге өндірілген. Ағымдағы жылдың басынан бері осы сала біркелкі дамыған жоқ. Мәселен, егер қаңтарда нақты көлем индексі өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 106,6%, қаңтар-наурызда – 99,4%, қаңтар-мауысымда – 108,6% құраған болса, қаңтар-қыркүйекте – 102,5% құрады. Цифрлық есептеу машиналар; электр тізбектерін ажыратуға, ауыстырып қосуға немесе қорғауға арналған, кернеулілігі 1000 В-қа дейін аппаратуралар; оқшауландырылған сымдар мен кабельдер; электр аккумуляторлары, трансформаторлар мен конденсаторлар шығару артты. Мұнымен қатар, сұранысқа сәйкес теледидарлар шығару төмендеді; сонымен бірге, сауда ұйымдардан тапсырыстың жоқтығына байланысты магнитофондар шығару тоқтатылды (Алматы қаласы).

2007 жылғы қаңтар-қыркүйекте **көлік құралдары мен жабдықтарын өндіру** 84,9 млрд. теңгені құрады, бұл өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 8,7%-ға жоғары. 2006 жылғы қаңтар-қыркүйектегі деңгейге қарағанда, жолаушыларға арналған жеңіл, жүк тасымалдайтын, арнайы және мамандандырылған автомобильдер шығару артқан. Сонымен бірге, тапсырыстың жоқтығынан он және одан көп тасымалдайтын автомобильдер (Алматы қаласы); қозғалтқыштар бөлшектері (Солтүстік Қазақстан облысы) 2006 жылғы қаңтар-қыркүйектегіден аз шығарылған.

Өнеркәсіптің өзге де салаларында 2007 жылғы қаңтар-қыркүйекте 37,3 млрд. теңгенің өнімі өндірілген, бұл өткен жылғы тиісті кезеңнен 14,5%-ға жоғары. 2006 жылғы қаңтар-қыркүйектегі деңгейге қарағанда арнайы отыруға арналған жиһаз; ағаштан жасалған кеңсе жиһазы; ас үйге арналған жиһаз, ағаш төсектер шығаруы артты. Мұның өзінде, өнімге деген сұранысқа сәйкес ас және қонақ бөлмеге арналған ағаштан жасалған жиһаз, зергерлік бұйымдар және спорт тауарларының өндіруі төмендеді.

2007 жылғы қаңтар-қыркүйектегі электр энергиясын, газ бен су өндіру және бөлудің нақты көлем индекстері және үлес салмағы



Электр энергиясын, газ бен су өндіру және бөлуде жыл басынан бері өндіріс көлемі өсіп келеді. Мәселен, ағымдағы жылдың қаңтарында нақты көлем индексі өткен жылмен салыстырғанда 97,1%-ды құраған болса, онда қаңтар-қыркүйекте – 105,3% болды.

Электр энергиясын өндіру 2007 жылғы қаңтар-қыркүйекте 54,5 млрд. кВт. сағ. құрады немесе 2006 жылғы қаңтар-қыркүйектегі деңгейден 5,5%-ға жоғары, мұны Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Маңғыстау, Павлодар, Оңтүстік Қазақстан облыстарының және Астана қаласының кәсіпорындары қамтамасыз етті.

Жылу энергиясын өндіру 55 млн. Гкал құрады немесе өткен жылғы қаңтар-қыркүйекпен салыстырғанда 2,4%-ға аз, бұл негізінен осы саладағы кәсіпорындарда жөндеу жұмыстарының жүргізілуіне байланысты болды. Ақмола, Жамбыл, Қарағанды, Оңтүстік Қазақстан облыстары және Астана қаласынан басқа барлық өңірлердің кәсіпорындарында өндіріс қысқарды.

Электр энергиясын, газ бен су өндіру және бөлудің нақты көлем индекстері

өткен жылғы тиісті айға %-бен



2.3 АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру

Ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы көлемі 2007 жылдың қантар-қыркүйегінде тұтастай республика бойынша бағалау бойынша ағымдағы бағада 828,9 млрд. теңгені құрады, бұл 2006 жылдың тиісті кезеңіндегіден 8,1%-ға көп.



Өсімдік шаруашылығы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің деректері бойынша 2007 жылдың 1 қазандағы жағдай бойынша дәнді дақылдардың жиналуы аяқталуда. Тұтастай республика бойынша дәнді дақылдар жиналуға тиісті егіс алқабының 98,9%-нан (15089,2 мың га) жиналды, өткен жылдың осы күніне тұтастай республика бойынша 97,2%-нан (13715,3 мың га) жиналған. Ақмола, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан және Қостанай облыстарында дәнді дақылдар түгел жиналды, ал Қарағанды – 99,6%, Оңтүстік Қазақстан – 99,2%, Солтүстік Қазақстан – 99,0%, Жамбыл – 97,6%, Павлодар – 91,6%, Алматы – 90,8% және Қызылорда облыстарында – 76,0% жиналды.

Облыс әкімдіктерінің ауыл шаруашылығы департаменттерінің және “Казагромаркетинг” АҚ-ның алдын ала деректері бойынша жиналған алқаптан 22,0 млн. тонна дән бастырылды (бастапқы кіріске алынған салмағында), бұл өткен жылдағыдан төрттен бірінен артық. Аталған күнге егіннің шығымдылығы 1 гектардан 14,6 центнерді құрады, бұл өткен жылы 12,7 центнер болған. Дәнді дақылдардың өңірлердегі жалпы түсімі төменде келтірілген.

81,6 мың тонна мақта жиналды, бұл өткен жылы 145,6 мың тонна болған.

Жаңа өнімнен дақылдар тұқымын себу барлық жерде жүргізілуде. 1 қазандағы жағдай бойынша олар 2003,7 мың тонна дайындалған немесе қажетті 98,5%.

Барлық өңірлерде тұқым себу толық аяқталды, Шығыс Қазақстан (79,6%), Қызылорда (85,4%), Алматы облысы (95%) және Павлодар (97,2%) облыстарын қоспағанда. Өткен жылы аталған күнге тұтастай республика бойынша 1820,4 мың тонна себілді немесе қажетті көлемінің 91,4%-ы.

Республикада күріш жинау жалғасуда. 1 қазандағы жағдай бойынша тиісті егіс алқабының 70%-дан астам жиналды (өткен жылы 82,9%). Күріштің жалпы түсімі 249,4 мың тоннаны құрады, бұл өткен жылғы деңгейден 10,8%-ға жоғары. Егін шығымдылығы 41,3 ц/га құрады, бұл өткен жылы 39,1 ц/га болған.

1 қазандағы жағдай бойынша бастырылған дәнді дақылдар

мың тонна



Мал шаруашылығы

Ағымдағы жылдың 1 қазанындағы жағдай бойынша өткен жылдың тиісті күнімен салыстырғанда шаруашылықтардың барлық санаттарында төл алу, құс және оны сатып алу санының өсуі есебінен ірі қара мал басы (3,3%-ға), қой мен ешкі (5,9%-ға), шошқа (3,7%-ға), жылқы (5,5%-ға), түйе (5,3%-ға) және құс (0,5%-ға) санының өсуіне қол жеткізілді.

Ауыл шаруашылығы малдары мен құстарының саны

мың бас



2007 жылдың қаңтар-қыркүйегінде өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда ет өндірісінің өсуі союға өткізудің артуы және малдың тірілей орташа салмағының өсуі есебінен 104,5% құрады. Шошқадан басқа мал мен құстың барлық түрлерінде малды және құсты союға өткізу – 101%-дан 109%-ға дейін артты. Ірі қара малдың бір басының тірілей орташа салмағы 1,7%-ға, шошқаның – 1,1%-ға өсті және тиісінше 303 және 95 кг.

Сауылатын сиырдың орташа санының (2,2%-ға) және бір сиырға сүттің орташа сауылуы (1,1%-ға) өсуі есебінен сиыр сүтінің өндірісі 3,2%-ға өсті.

Жұмыртқа өндірісінің өсуі (5,2%-ға) мекиен тауықтардың орташа басының 3,6%-ға және бір мекиен тауықтың орташа жұмыртқалауы 1,4%-ға өсуі есебінен болды.

Мал шаруашылығы өнімдерінің негізгі түрлерін өндіру



2.4 ҚҰРЫЛЫС

Құрылыс қызметі

2007 жылғы қаңтар-қыркүйекте құрылыс жұмыстарының (қызметтерінің) көлемі, бағалауды ескере отырып, 942,4 млрд. теңгені құрады, бұл 2006 жылғы қаңтар-қыркүйектегі деңгейден 26,2%-ға артық.

Орындалатын жұмыстардың құрылымында ғимарат тұрғызу және азаматтық құрылыстың үлесі аса көп, оның көлемі 2006 жылғы қаңтар-қыркүйекпен салыстырғанда 1,6 есеге артып, жалпы көлемнің 40,6%-ын құрады (2006 жылғы қаңтар-қыркүйекте – 37,9%).

Республика көлемінде жеке құрылыс ұйымдары атқарған құрылыс жұмыстарының үлес салмағы едәуір – 76,4%-ды алады. Шетелдік мердігерлер 23%-ын, мемлекеттік ұйымдар 0,6%-ын орындады.

2007 жылғы қаңтар-қыркүйекте 44200 үй салынды, оның ішінде 38667 тұрғын және 5533 тұрғын емес мақсаттағы. Есепті кезеңде 3740 - көлік және байланыс, 1084 - сауда, 247 - әлеуметтік-мәдениет мақсатындағы объектісі іске қосылған. Денсаулық сақтау және білім беру саласындағы іске қосылған объектілердің үлесі елеусіз болып қалған, бірге алғанда ол тұрғын емес мақсаттағы үйлердің жалпы санының 1,2%-ын құрады.

Құрылыс жұмыстарының нақты көлем индекстері

өткен жылғы тиісті айға %-бен



Құрылыс жұмыстары көлемінің өсуі 2006 жылғы қаңтар-қыркүйекпен салыстырғанда республиканың 15 өңірінде байқалды. Мұның өзінде құрылыс жұмыстарының едәуір өсуі Ақмола (2,8 есеге), Ақтөбе (1,6 есеге), Павлодар (1,4 есеге), Маңғыстау, Атырау, Алматы (1,3 есеге) облыстарында байқалды.

Құрылыс жұмыстары көлемінің төмендеуі 2006 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда Батыс Қазақстан облысында (28,7%-ға) байқалды, бұл негізінде газ бен конденсатты өңдеуге арналған кешеннің және сауда ойын-сауық орталығының бірнеше объектілерін салудың аяқталуына байланысты болды.

Жалпыреспубликалық құрылыс жұмыстарының көлемінде Астана, Алматы қалалары және Атырау облысы едәуір үлес (жалпы көлемнің барлығы 61%-ы) алады.

Өңірлер бойынша құрылыс жұмыстарының нақты көлем индекстері

өткен жылғы тиісті кезеңге %-бен



Тұрғын үй құрылысы

2007 жылғы қаңтар-қыркүйекте негізгі капиталға салынған инвестицияның жалпы көлемінің 16,1%-ы тұрғын үй құрылысына жұмсалды (344,9 млрд. теңге), бұл өткен жылғы тиісті кезеңде игерілген инвестициядан 1,5 есе көп. Меншіктің барлық нысандарындағы кәсіпорындар мен ұйымдар және тұрғындар жалпы ауданы 5723,2 мың шаршы метр болатын тұрғын үйді іске қосты, бұл 2006 жылғы қаңтар-қыркүйектегі деңгейден 1,4 есе жоғары.

Есепті кезең ішінде республикада орта есеппен халықтың 1000 адамына іске қосылатын тұрғын үйлердің жалпы ауданы 368,9 шаршы метрден (2006 жылғы қаңтар-қыркүйекте 261,5 шаршы метр) келеді.

Іске қосылған тұрғын үйлердің нақты көлем индекстері

өткен жылғы тиісті айға %-бен



Жеке меншік кәсіпорындары, ұйымдары және халықпен іске қосылған тұрғын үйлердің үлесі аса комақты болып қалды (іске қосылған тұрғын үйлердің жалпы көлемінің 92,7%-ы), оның ішінде негізгі көлемін жеке меншік тұрғын үй құрылысы алады (71,8%).

Салынған тұрғын үй көлемінің артуы республиканың 15 өңірінде байқалады. Көлемнің едәуір өсуі Атырау (2,8 есеге), Қарағанды (2,1 есеге), Шығыс Қазақстан (1,9 есеге), Маңғыстау (1,4 есеге) облыстарында, сондай-ақ Астана (1,8 есеге) және Алматы (1,3 есеге) қалаларында байқалды.

Жеке құрылысшылардың есебінен іске қосылған тұрғын үйлер көлемінің төмендеуі Оңтүстік Қазақстан облысында (4,5%-ға) байқалды, оның үлесі жалпы көлемде 88,4% құрады.

Тұрғын үй құрылысының құны. 2007 жылғы қаңтар-қыркүйекте тұрғын үйлердің жалпы ауданының 1 шаршы метр құрылысының нақты орташа құны 38,5 мың теңгені (2006 жылғы қаңтар-қыркүйекте – 35,2 мың теңге) немесе 4%-ға өсті, оның ішінде халықтың салғаны – 25,7 мың теңгені (2006 жылғы қаңтар-қыркүйекте – 24,7 мың теңге) құрады.

2.5 КӨЛІК

2007 жылғы қаңтар-қыркүйекте республикадағы **жүк айналымы** (коммерциялық тасымалдаумен айналысатын көліктік емес ұйымдар мен кәсіпкерлер тасыған жүк көлемін бағалауды есепке алғанда) 254746,4 млн. ткм құрады, бұл 2006 жылғы қаңтар-қыркүйектегі жүк айналымнан 6,1%-ға артық.

Темір жол көлігінің жүк айналымы ағымдағы жылдың қаңтар-қыркүйегінде 145291,7 млн. ткм құрады, бұл 2006 жылғы қаңтар-қыркүйекке қарағанда 4,8%-ға жоғары, бұл республика ішінде ұзақ қашықтыққа тасымалдаулардың артуы есебінен болды.

Ағымдағы жылдың қаңтар-қыркүйегінде **автокөліктің** жүк айналымы (коммерциялық тасымалдаумен айналысатын көліктік емес ұйымдар мен кәсіпкерлер тасыған жүк көлемін бағалауды есепке алғанда) – 43886,0 млн. ткм құрады, бұл 2006 жылғы қаңтар-қыркүйекке қарағанда 13,5%-ға артық.

Магистралдық құбырдың жүк айналымы ағымдағы жылғы қаңтар-қыркүйекте 65461,4 млн. ткм құрады, бұл 2006 жылғы қаңтар-қыркүйекпен салыстырғанда 4,4%-ға артық. Жүк айналымының жалпы көлемінен мұнай тасымалдау 31413,5 млн. ткм (Құмкөл-Атасу-Алашанькоу бағыты бойынша мұнай айдау есебінен 2006 жылғы қаңтар-қыркүйекте 6,4%-ға өсуі), газ – 34047,9 млн. ткм (Бұқара-Орал, Союз-Орынбор-Новопсков газ құбыры бойынша транзит көлемінің өсуі есебінен 2,7%-ға артты) құрады.

Су жолының ашылуынан бастап **өзен көлігінің** жүк айналымы 45514,41 мың ткм құрады, бұл өткен жылғы тиісті кезеңге қарағанда 1,6 есе артық.

Әуе көлігінің жүк айналымы 2007 жылғы қаңтар-қыркүйекте 58971,49 мың ткм құрады немесе 2006 жылғы қаңтар-қыркүйектен 27,3%-ға артты.

Жүк айналымының серпіні

өткен жылғы тиісті айға %-бен



Жолаушылар айналымының тұрақты өсу үрдісі бар (2007 жылғы қаңтар-қыркүйекте 2006 жылғы қаңтар-қыркүйекпен салыстырғанда 4,6% арту), бұл халық қозғалысының және сапарлар ұзақтығының артуына байланысты. 2007 жылғы қаңтар-қыркүйекте республика көлігінің жолаушылар айналымы 89361,0 млн. жкм құрады. 2006 жылғы қаңтар-қыркүйекпен салыстырғанда темір жол көлігінің жолаушылар айналымы 19,6%-ға, автобустағы жолаушылар айналымы – 0,8%-ға, таксиде – 2,5%-ға, әуе көлігінде – 42,8%-ға өсті; ал троллейбустағы жолаушылар айналымы – 20,9%-ға, трамвайда – 2,3%-ға

төмендеді. Тұтастай алғанда, жолаушылар ағыны тұрақты өсіп келеді. Бұл тасымалдауларды ұйымдастырудың жақсаруына және халықтың экономикалық белсенділігінің артуына байланысты.

Жолаушылар айналымының құрылымы



2.6 БАЙЛАНЫС

Байланыс қызметінің едәуір өсуі республикада жаңа буын телекоммуникация желілерінің құрылуына, жаңа қызмет түрлерінің – бейнетелефония, дыбыстық, мәтіндік және мультимедиялық хабарламалар жіберу қызметтерінің ұсынылуына, сондай-ақ тарифтердің едәуір төмендеуіне, тұрақты тұтынушылардың белсенділігінің артуына және жаңа тұтынушыларды тартуға байланысты болды. 2007 жылдың қаңтар-қыркүйегінде жедел деректер бойынша республиканың байланыс кәсіпорындары 258,4 млрд. теңге сомада қызмет көрсетті, соның ішінде халыққа көрсетілгені – 103,4 млрд. теңге, бұл 2006 жылдың қаңтар-қыркүйегінен салыстырмалы бағада, тиісінше – 33,8% және 32,9%-ға көп.

2007 жылғы қаңтар-қыркүйекте байланыс қызметтерінен түскен табыстар

млн. теңге



Телекоммуникациялық рыноктың дамуына жаңа қуаттарды іске қосу, Интернеттің, жедел әрекетті байланыстың ұдайы дамуы және үлкен корпоративтік желілердің құрылуы ықпал етеді.

Байланыс қызметтерінің серпіні

өткен жылғы тиісті айға %-бен



2007 жылғы қаңтар-қыркүйекте байланыс қызметтерінен түскен табыстар құрылымында ең көп үлесті жедел әрекетті байланыс – 52,1% құрайды. 2006 жылғы қаңтар-қыркүйекпен салыстырғанда жедел әрекетті байланыс қызметтерінің көлемі 50,0%-ға артты.

Байланыс қызметтерінен түскен табыстардың құрылымы

пайызбен



Байланыс кәсіпорындары табыстарының жалпы көлемінде халыққа байланыс қызметтерін өткізуден түскен табыс 40,0% құрады. 2007 жылғы қаңтар-қыркүйекте халыққа көрсетілген байланыс қызметтерінен түскен табыстар көлемінде 59,4%-ды - жедел әрекетті байланыс қызметтері, 20,4%-ды - қалааралық, халықаралық байланыс қызметтері, 10,1%-ды - жергілікті телефон байланысы қызметтері, 10,1% - байланыстың өзге де түрлері қызметтерінен түскен табыстар құрайды.

2007 жылғы қаңтар-қыркүйекте халыққа көрсетілген байланыс қызметтерінен түскен табыстар

млн. теңге



2.7 САУДА ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ҚЫЗМЕТТЕР

2007 жылғы қаңтар-қыркүйекте бөлшек сауда тауар айналымының көлемі 1319,1 млрд. теңгені құрап, өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда (тұрақты бағаларда) 10,5%-ға артты. 2007 жылғы қыркүйекте тауар өткізу 168 млрд. теңгені құрады, бұл тұрақты бағалармен есептегенде 2006 жылғы қыркүйектегі деңгейден 9,8%-ға жоғары, 2007 жылғы тамызбен салыстырғанда өсу 2,2% құрады.

2006-2007жж. айлары бойынша бөлшек сауда тауар айналымының серпіні

өткен жылғы тиісті айға пайызбен



Қаңтар-қыркүйекте тұтыну тауарларын сату республика халқының жан басына шаққанда орта есеппен 85,3 мың теңгені құрады, бұл 2006 жылғы осы кезеңге қарағанда 12,5 мың теңгеге жоғары.

2007 жылғы қаңтар-қыркүйектегі өңірлер бойынша бөлшек сауда тауар айналымының нақты көлем индекстері

(өткен жылғы тиісті кезеңге пайызбен)



Бөлшек сауда тауар айналымы көлемінің өсуі республиканың барлық өңірлерінде байқалады.

Жыл басынан бері жеке меншік нысанындағы кәсіпорындардың тауарлар өткізуінен, базарлардағы саудадан және жеке кәсіпкерлер саудасының айналымынан 1277,8 млрд. теңге (96,9%), басқа мемлекеттердің, олардың заңды тұлғалары мен азаматтарынан – 41 млрд. теңге (3,1%) алынды. Республикадағы мемлекеттік сауданың үлесі елеусіз.

Өткізу арналары бойынша бөлшек сауда тауар айналымының құрылымы

(жалпы көлемге %-бен)



Бөлшек сауда тауар айналымының өсуі, ең алдымен, саудамен айналысатын кәсіпорындар тауар айналымының нақты көлемінің артуына (өткен жылдың тиісті кезеңіне 24,7%-ға) байланысты екендігін айта кету керек. Бөлшек сауда тауар айналымының жалпы көлемінде қызмет көрсету мәдениетінің жоғары деңгейімен және сапалы тауарлардың мол түрімен қамтамасыз етілетін кәсіпорындар үлесі де (2006 жылғы қаңтар-қыркүйектегі 46,6%-дан 2007 жылғы қаңтар-қыркүйектегі 52,6%-ға дейін) тоқтаусыз артуда.

Соңғы кезде тұрақты сауда желілері қызметінің дамуына сауданың қазіргі заманғы және озық нысандарын енгізу оң әсер етіп отыр.

Барлық өңірлердегі сауда кәсіпорындарында ұзақ пайдаланатын тауарларды кредитке сату енгізілуде. Төлемдік электрондық кәртішкелерді пайдалану арқылы қолма-қол ақшасыз сату кең өріс алуда.

Алматы, Астана қалаларында және республиканың басқа да ірі қалаларында супермаркеттер, гипермаркеттер желісі көбеюде, оларда сатып алушылар ең қысқа мерзімде салыстырмалы түрде қолайлы бағалар бойынша қажетті тауарлардың барлық түрлерін сатып ала алады. Сауда кәсіпорындары желісінің тартымдылығы сатып алушыларға сатқаннан кейінгі көрсетілетін сервис қызметімен қамтамасыз етіледі.

Тауар айналымын қалыптастыруда жеке кәсіпкерлік елеулі үлес алады, ол есепті кезеңде 24%-ға дейін артты, 2006 жылғы қаңтар-қыркүйекте 22,6% болған.

Көлемнің төмендеуіне қарамастан (бөлшек сауда тауар айналымының жалпы көлемінде 2006 жылғы қаңтар-қыркүйектегі 30,8%-дан 2007 жылғы қаңтар-қыркүйектегі 23,4%-ға дейін), республикада жеке адамдардың базарларда сауда жасауы да орын алып отыр, ондағы бағаның қолайлылығы бөлшек сауданың осы саласындағы сатып алудың айтарлықтай өтімділігін қамтамасыз етеді.

Республиканың көтерме сауда тауар айналымы ағымдағы жылдың басынан бастап 3274,4 млрд. теңгені құрады немесе 2006 жылғы тиісті кезеңнен 9,7% көп болды. Мұның өзінде, іс жүзінде алынған тауар айналымының барлық көлемі мемлекеттік емес секторға келеді. Көтерме сауда тауар айналымында азық-түлік емес тауарлар мен өндірістік-техникалық мақсаттағы тауарлардың басым үлес алуы жалғасуда.

2007 жылғы қаңтар-қыркүйекте қоғамдық тамақтандыру қызметтерін көрсету көлемі 50,8 млрд. теңгені құрады немесе өткен жылдың тиісті кезеңінен 21,1% көп болды. Мұнда қоғамдық тамақтандыру қызметтерін көрсетудің жалпы көлемінің 18,1%-ын жеке кәсіпкерлер ұсынып отыр.

Талдау жасалып отырған кезең ішінде техникалық қызмет көрсету және автомобильдерді, мотоциклдерді, тұрмыстық бұйымдар мен жеке пайдаланатын заттарды жөндеу бойынша қызмет көрсету көлемі 11,5 млрд. теңгені құрады. Бұл қызметтердің басым бөлігі (47,4%) шағын кәсіпкерлік саласында (шағын кәсіпорындар мен жеке кәсіпкерлер) ұсынылып отыр.

3. ШАҒЫН КӘСІПКЕРЛІК СУБЪЕКТІЛЕРІ МОНИТОРИНГІ

Рынокта белсенді жұмыс істейтін шағын кәсіпкерлік субъектілерінің саны (2007 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша) өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 11,7% артып, 609519 бірлікті құрады, оның ішінде 52760 заңды тұлғалар, 388366 – жеке кәсіпкерлер және 168393 шаруа қожалықтары. Шағын кәсіпкерліктегі жұмыспен қамтылғандар саны 11,5% артып, 1784233 адамды құрады. Белсенді шағын кәсіпкерлік субъектілерінің 2007 жылғы қаңтар-қыркүйекте шығарылған өнімдері (тауарлар, қызмет көрсетулер) өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда (тұрақты бағаларда) 14,9% артып, 1236584 млн. теңгені құрады.

	Белсенді шағын кәсіпкерлік субъектілерінің саны (1 қазандағы жағдай бойынша), бірлік		Жұмыспен қамтылғандардың саны, (1 қазандағы жағдай бойынша), адам		Қантар-қыркүйектегі өнім (тауарлар, қызмет көрсетулер) шығару, млн. тенге	
	2006	2007	2006	2007	2006	2007
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ	545568	609519	1600606	1784233	991045	1236584
Ақмола	25128	29065	67939	75869	31537	35589
Ақтөбе	16732	23714	54282	63150	34927	41227
Алматы	68006	78039	178804	206493	89094	97238
Атырау	24089	27851	52265	58482	62856	73588
Шығыс Қазақстан	49122	53817	140496	149991	55950	61985
Жамбыл	35175	35666	104819	130876	21393	30220
Батыс Қазақстан	18038	19314	46947	53327	46785	50227
Қарағанды	33673	35338	105056	113953	55809	60292
Қостанай	33937	41682	90074	96165	37599	47402
Қызылорда	15267	15330	34755	36152	29926	47815
Маңғыстау	14793	19256	34439	45827	28384	48186
Павлодар	23060	25113	68990	78340	44814	52126
Солтүстік Қазақстан	20616	22059	61310	62749	28211	34540
Оңтүстік Қазақстан	98034	101905	241962	256936	42649	62265
Астана қаласы	23244	25934	101584	116426	129550	193115
Алматы қаласы	46654	55436	216884	239497	251561	300769

Шағын кәсіпкерлік субъектілері саны өсуінің негізгі факторлары шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік және өңірлік деңгейлерде қолдау, ұйымдастыру және экономикалық тетіктерді жетілдіру шараларының жүйесі болып табылады, соның нәтижесінде кәсіпорынның қызмет көрсету аясының кеңеюі және кәсіпорынның экономикалық нығаюы байқалады.

Толық ақпарат заңды тұлғалар бойынша беріледі.

2007 жылғы 1 қазанға кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын тіркелген заңды тұлғалардың саны 186,2 мың бірлікті құрады, бұл 2006 жылғы 1 қазаннан 10,7% жоғары. Шағын кәсіпкерлік кәсіпорындарының саны 1000 тұрғынға есептегенде 12 бірлікті құрап, 2006 жылғы 1 қазандағы деректермен салыстырғанда 1 бірлікке артты.

1000 тұрғынға шаққандағы шағын кәсіпкерлік кәсіпорындарының саны бойынша өңірлердің бөлінуі



Республиканың барлық өңірлерінде тіркелген кәсіпорындардың 1000 тұрғынға шаққандағы санының артуы белгіленді. Тіркелген кәсіпорындар санының ең көп арту Астана (4,4 бірлікке), Алматы қалаларында (2,6 бірлікке), сонымен қатар Маңғыстау және Ақтөбе облыстарында да едәуір өсті – 1 бірлікке, басқа өңірлерде көрсеткіштің артуы 0,2-ден 0,9 бірлікке дейін құрады.

Тіркелген кәсіпорындар санынан белсенділердің үлесі 28,3% құрады. Белсенді кәсіпорындардың көпшілігі (35,4%) саудаға; автомобильдерді, тұрмыстық бұйымдарды және жеке пайдаланатын заттарды жөндеуге маманданады, құрылыста – 17,4%, жылжымайтын мүлікпен операциялар, жалға беру және тұтынушыларға қызмет көрсетуде – 16%, өнеркәсіпте – 11,9%, олардың басым көпшілігі өңдеу өнеркәсібіне (91,5%) келетін кәсіпорын белсенді жұмыс істеуде. Шағын бизнес кәсіпорындары аса белсенді Алматы қаласында, Оңтүстік Қазақстан облысында және Астана қаласында дамуда, олардың үлесі тиісінше 26,7%, 9,9% және 9,5% құрайды. Тіркелгендердің жалпы санында белсенді кәсіпорындардың ең көбі Қызылорда (42,9%), Маңғыстау (40,4%), Батыс Қазақстан (38,6%) және Атырау (38,6%) облыстарына келеді.

Есептік деректер бойынша 2007 жылғы 1 қазанға өткен жылмен салыстырғанда тұтастай ел бойынша шағын бизнес кәсіпорындарында жұмыспен қамтылғандардың жалпы саны 9,5% артып, 604,5 мың адамды құрады.

Есепті кезеңнің басындағы жұмыспен қамтылғандар саны

мың адам



Салалық бөліністе барлық жұмыскерлердің 29,1%-ы - сауда; автомобильдерді, тұрмыстық бұйымдарды және жеке пайдаланатын заттарды жөндеу, 21,6%-ы - құрылыс; 14,4%-ы - жылжымайтын мүлікпен операциялар жасау, жалға беру және тұтынушыларға қызмет көрсету, 13,2%-ы - өнеркәсіп салаларына келеді. Облыстардың көбінде шағын кәсіпкерлік кәсіпорындарында жұмыспен қамтылғандар санының өсуі байқалды. 2007 жылғы 1 қазанда жұмыспен қамтылғандар санының ең көп артуы өткен жылдың осы көрсеткішімен салыстырғанда Маңғыстау (1,4 есеге), Павлодар (1,2 есеге), Жамбыл (18,6%-ға) облыстарында және Астана (17,7%-ға) қаласында белгіленді. Республиканың қалған өңірлерінде арту елеусіз пайызды құрады.

Жұмыспен қамтылғандар санының төмендеуі Солтүстік Қазақстан облысында (4,3%-ға) байқалды. Кәсіпорындарда жұмыспен қамтылғандардың орташа тізімдік санының төмендеу себебі, ең алдымен, процестердің шағын кәсіпкерлікке тән серпінділігі: кәсіпорын мәртебесінің (ірі немесе орта болып) өзгеруі және оның жеке кәсіпкерлік аясына қайта тіркелуі болып табылады.

Қазақстан Республикасы шағын бизнес кәсіпорындарының өнім шығаруы

(өткен жылғы тиісті айға %-бен)



2007 жылғы қыркүйекте шағын кәсіпкерліктің заңды тұлғалары шығарған өнім есептелген деректер бойынша өткен жылғы қыркүйекке қарағанда 15,1% өсті. Өнім шығаруының артуы республиканың барлық өңірлерінде байқалады, ал аса көп өсім Маңғыстау, Қарағанды, Ақтөбе облыстарында және Астана қаласында белгіленді.

4. СЫРТҚЫ САУДА

(Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің ақпараты)

4.1 СЫРТҚЫ САУДА АЙНАЛЫМЫ

Қазақстан Республикасының сыртқы сауда айналымы кеден статистикасының деректері бойынша ұйымдаспаған сауда есебінсіз 2007 жылғы қаңтар-тамызда 50168,3 млн. АҚШ долларын құрады және өткен жылғы қаңтар-тамызбен салыстырғанда 31,2%-ға артты, оның ішінде экспорт – 29376,7 млн. АҚШ доллары болып, 22,9% артты, импорт (тасымалдауға және сақтандыруға кеткен шығыстарды есепке алғанда) – 20791,6 млн. АҚШ долларын құрап, 45,2% артты.

Экспорттың тауарлық құрылымы

қорытындыға %-бен



Қазақстан өнімдерінің негізгі сатып алушылары: Италия (16,1%), Швейцария (15,7%), Қытай (12,5%), Ресей Федерациясы (10,1%), Франция (8,7%), Иран (5,4%), Нидерланды (5,1%), Украина мен Израиль (2,4%-дан), Өзбекстан және Түркия (1,9%-дан), Ұлыбритания (1,8%), Испания (1,6%), Румыния (1,3%), Германия (0,9%), Швеция, Жапония және АҚШ (0,6%-дан).

Талданып отырған кезең ішінде экспорттың жалпы көлеміндегі ТМД елдерінің үлесі 16,8% (2006 жылдың қаңтар-тамызында – 14,6%) құрады.

Импорттың тауарлық құрылымы

қорытындыға %-бен



2007 жылғы қаңтар-тамызда инвестициялық тауарлар импорттың жалпы көлемінде 9569,5 млн. АҚШ долларын немесе 46% (2006 жылғы қаңтар-тамызда – 6847,4 млн. АҚШ доллары немесе 47,8%) құрады.

2007 жылғы қаңтар-тамызда барлық импорттық жеткізілімдердің 44,4%-ы ТМД елдеріне (2006 жылғы қаңтар-тамызда – 46,4%) келеді. Импорт өнімдерінің негізгі жеткізушілері: Ресей Федерациясы (импорттың жалпы көлемінің – 35,1%-ы), Қытай (10,7%), Германия (8,0%), АҚШ (5,3%), Украина (4,8%), Жапония (4,3%), Италия (4,0%), Түркия (2,9%), Франция (2,4%), Ұлыбритания (2,2%), Корея Республикасы және Өзбекстан (1,8%-дан), Нидерланды және Беларусь (1,3%-дан), Польша (1,2%), Швеция (1,0%), Швейцария (0,9%).

4.2 ТМД МЕМЛЕКЕТТЕРІМЕН СЫРТҚЫ САУДА

2007 жылғы қаңтар-тамызда ТМД елдерімен сыртқы сауда айналымы 14171,7 млн. АҚШ долларын құрады және 2006 жылғы қаңтар-тамызымен салыстырғанда 39,7%-ға артты, оның ішінде экспорт – 4931,5 млн. АҚШ доллары болып, 41,2%, импорт – 9240,2 млн. АҚШ долларын құрап, 38,9% артты.

Жалпы тауар айналымындағы ТМД мемлекеттерінің үлесі 28,2%-ды (2006 жылғы қаңтар-тамызда – 26,5%) құрады.

2007 жылғы қаңтар-тамызда ТМД мемлекеттеріне шығарылған экспорттың жалпы көлеміндегі минералдық өнімдердің үлес салмағы 50% (2006 жылғы қаңтар-тамызда – 51%), азық-түлік тауарлары – 12% (12%), химиялық өнімдер – 15% (15%) құрады.

2007 жылғы қаңтар-тамызда ТМД елдерінен әкелінетін импорт көлеміндегі машиналардың, жабдықтардың, көлік құралдарының, приборлар мен аппараттардың үлесі - 26% (2006 жылғы қаңтар-тамызда 28%), минералды өнімдер – 27% (27%), металлургиялық өнімдер - 18% (17%), химиялық тауарлар – 9% (10%) құрады.

ТМД елдері минералдық, химиялық және металлургия өнімдерінің негізгі жеткізушілері болып табылады: 2007 жылғы қаңтар-тамызда осы елдерден әкелінетін минералдық ресурстардың көрсетілген тауарлардың жалпы импортындағы үлесі 94% (2006 жылғы қаңтар-тамызда – 93%), металлургиялық өнімдер – 57% (59%), азық-түлік тауарлары – 62% (55%), химиялық тауарлар – 38% (40%) құрады.

4.3 ӘЛЕМНІҢ БАСҚА ЕЛДЕРІМЕН СЫРТҚЫ САУДА

2007 жылғы қаңтар-тамызда әлемнің басқа елдерімен сыртқы сауда айналымы 35996,6 млн. АҚШ долларын құрап, өткен жылғы осы кезеңмен салыстырғанда 28,2%-ға артты, оның ішінде экспорт – 24445,2 млн. АҚШ доллары болып, 19,8%, импорт – 11551,4 млн. АҚШ долларын құрап, 50,5% өсті.

2007 жылғы қаңтар-тамызда әлемнің басқа елдеріне шығарылған экспорттың жалпы көлеміндегі минералды шикізаттың үлес салмағы - 74% (2006 жылғы қаңтар-тамызда – 78%), металлургия өнеркәсібінің өнімдері – 18% (16%) құрады.

2007 жылғы қаңтар-тамызда әлемнің басқа елдерінен әкелінген импорт көлеміндегі машиналардың, жабдықтардың, көлік құралдарының, аспаптар мен аппараттардың үлесі – 64% (2006 жылғы қаңтар-тамызда – 61%), азық-түлік тауарлары – 4% (6%), химия өнімдері – 12% (13%), металлургия өнеркәсібінің өнімдері – 11% (10%) құрады.

Елдің аса маңызды тауарларға қажеттілігін қамтамасыз етуде әлемнің басқа елдері үлкен роль атқарады: 2007 жылғы қаңтар-тамызда осы елдерден әкелінген машина жасау өнімдерінің көрсетілген тауарлардың жалпы импортындағы үлесі – 75% (2006 жылғы қаңтар-тамызда – 71%), фармацевтикалық тауарлардың - 88% (85%), киімдердің – 81% (84%), азық-түлік тауарларының үлесі – 38% (45%) құрады.

4.4 ТӨЛЕМ БАЛАНСЫ

Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің деректері бойынша 2007 жылдың екінші тоқсанында төлем балансының ағымдағы операциялар шоты бойынша теріс сальдо – 1901,5 млн. АҚШ доллары мөлшерінде қалыптасты (2006 жылдың сәуір-маусымында нәтиже теріс мәнді болып, 174,2 млн. АҚШ долларын құрады). Бұл қызметтер бойынша 1633,2-ден 1878,9 млн. долларға, табыс бойынша 2448,9-дан 2958,5 млн. долларға, ағымдағы трансферттер бойынша 223,5-тен 531,2 млн. долларға дейін операциялардың теріс нәтижесінің өсуімен, сондай-ақ тауар бойынша 4131,4-тен 3467,1 млн. долларға дейін оң нәтижелердің төмендеуімен түсіндіріледі.

Тауар айналымы (ф.о.б. бағасында) ағымдағы жылдың екінші тоқсанында өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 26,6%-ға өсіп, 20253,5 млн. долларды құрады. Тауар айналымында импорт – 41,4% (8387,8 млн. доллар), экспорт – 58,6% (11865,7 млн. доллар) алады. ТМД елдерінен көрсетілген кезеңде тауарлар импортының көлемі - 36%, экспорт - 27,3%-ға өсті. Алыс шетел елдерден, тиісінше, 45,9% және 16,2%-ға өсті.

2006 – 2007жж. импорт және экспорт көлемі

млн. АҚШ доллары



Көрсетілген қызметтер көлемі ағымдағы жылдың сәуір-маусымында 870,3 млн. долларды құрады, бұл өткен жылдың тиісті кезеңіне қарағанда 26,7%-ға көп. Көрсетілген қызметтердің жалпы көлемінде көліктік қызметтер 48,1%, сапарлар бойынша қызметтер – 28,9%, өзге де қызметтер - 23% алады.

Импортталатын қызметтер көлемі 2749,2 млн. доллар сомасында белгіленді, одан көліктік қызметтер – 552,1 млн. доллар, сапарлар бойынша қызметтер – 243,8 млн. доллар, өзге де қызметтер - 1953,3 млн. доллар.

2007 жылдың екінші тоқсанында өткен жылдың тиісті тоқсанымен салыстырғанда инвестициялардан және жұмыс істейтіндерге өтемақыдан түскен табыс 3 есеге өсіп, 1012,1 млн. доллар, ал көрсетілген баптар бойынша төлемдер – 3970,6 млн. доллар (2006 жылдың сәуір-маусымында - 2793,2 млн. доллар) құрады.

Қаржы операцияларының шоты 2007 жылдың сәуір-маусымында оң мәнді болып – 3702,3 млн. доллар (2006 жылдың сәуір-маусымында – 983,7 млн. доллар) көлемінде қалыптасты.

Тікелей инвестициялармен жасалған операциялар бойынша сальдо 265,5 млн. долларды (2006 жылдың екінші тоқсанында 1520,3 млн. доллар) құрады. Есепті кезеңде шетелдегі тікелей инвестициялармен жасалған операциялар нәтижесі теріс болып – 1509,3 млн. долларды, ал Қазақстанда оң болып – 1774,8 млн. долларды құрады.

2007 жылғы екінші тоқсанда портфельдік инвестициялармен жасалған таза операциялар оң мәнді болып – 1263 млн. доллар, ал 2006 жылы теріс – 877,6 млн. доллар қалыптасты.

Төлем балансының “Басқа да инвестициялар” бабы бойынша жүргізілген операциялардың таза нәтижесі 2945,5 млн. долларды (2006 жылдың екінші тоқсанында 2311,1 млн. доллар) құрады. Активтер мен міндеттемелер көлемінде операциялардың ең көп бөлігі – қарыздарға (тиісінше, 2912,5 және 7586,3 млн. доллар) келеді.

Қазақстанның резервтегі активтерінің өзгеруі ағымдағы жылдың сәуір-маусымында теріс болып, 837,9 млн. долларды құрады.

5. ИНВЕСТИЦИЯЛАР

Қаржы емес активтерге инвестициялар

2007 жылғы қаңтар-қыркүйекте қаржы емес активтерге жұмсалған инвестициялардың бағалау көлемі (материалдық айналым қаражатының қорларын толтыратын инвестицияларсыз) 2172,6 млрд. теңгені құрады, оның едәуір үлесін (98,3%) негізгі капиталға жұмсалған инвестициялар алады.

Негізгі капиталға жұмсалған инвестициялар

2007 жылғы қаңтар-қыркүйекте негізгі капиталға жұмсалған инвестициялар 2135,7 млрд. теңгені құрады, бұл 2006 жылғы қаңтар-қыркүйектен 11,9%-ға артық.

Негізгі капиталға жұмсалған инвестициялардың нақты көлем индекстері

өткен жылғы тиісті айға % -бен



2007 жылғы қаңтар-қыркүйекте негізгі капиталға жұмсалған инвестициялардың өсуі өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда республиканың жалпы барлық өңірінде байқалды. Мұнда негізгі капиталға жұмсалған инвестициялардың елеулі өсуі автомобильді жолдарды салу құрылысы белсенді екпінмен жүргізілген Ақмола (2 есеге), газ конденсат кен орындарын жайластыруға салынған қаражат есебінен Батыс Қазақстан (47%-ға), тұрғын үй құрылысына жұмсалған инвестициялардың артуы есебінен Астана қаласында (30,9%-ға) және газды қайта өңдеу зауытының құрылысында қарқынды түрде игерілген Ақтөбе облысында (21,7%-ға) байқалды.

2006 жылғы қаңтар-қыркүйекпен салыстырғанда инвестиция көлемінің төмендеуі Атырау (1,9%-ға), Солтүстік Қазақстан (2,5%-ға) және Маңғыстау (16,1%-ға) облыстарында болды. Осы өңірлердегі инвестициялық жобалардың кейбіреуінің аяқталуы инвестиция көлемінің төмендеуіне себеп болды.

Өңірлер бойынша негізгі капиталға инвестициялар игеру қарқыны

өткен жылғы тиісті кезеңге %-бен



2007 жылғы қаңтар-қыркүйекте шаруашылық жүргізуші субъектілердің меншікті қаражаты (56,2%) мен шетел инвестициялары (18%) негізгі капиталға қаражат салудың негізгі көздері болып табылады. Бюджет қаражаты 14%, қарыз қаражаты – 11,8% құрады.

Шетел инвестицияларының ең көп көлемі Атырау облысында игерілді (67,7%), себебі бұл экономиканың мұнай-газ секторын дамытуға қаражат салатын шетел инвесторлары үшін ең тартымды өңір.

Негізгі капиталға жұмсалған инвестициялар құрылымының едәуір бөлігін жеке меншік нысанындағы кәсіпорындар мен ұйымдар (62,2%), сондай-ақ қызметін Қазақстан Республикасы аумағында жүзеге асыратын басқа мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің (23,2%) қаражаты құрады. Мемлекеттік сектордың үлесі – 14,6% құрады.

Пайдалану бағыттары бойынша негізгі капиталға жұмсалған инвестициялар құрылымы

пайызбен



Инвестициялық тартымдылық бойынша инвестициялаудың басым салалары, бұрынғысынша, мұнай және табиғи газ өндіру, негізгі капиталға жұмсалған инвестициялардың жалпы көлемінің - 29,1%-ы, жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар – 26,1%, көлік және байланыс – 13,1%, өңдеу өнеркәсібі – 10,4% болып қалады.

Негізгі капиталға жұмсалған инвестициялардың технологиялық құрылымы

пайызбен



6. БАҒАЛАР

6.1 ТҰТЫНУ БАҒАЛАРЫ

Ағымдағы жылдың қыркүйегінде **инфляция** 2,2% құрады, бұл өткен айға қарағанда 1,5 пайыздық пунктке көп. Бағалардың ең жоғары өсуі азық-түлік тауарларына – 3,5%-ға байқалды, ал олардың инфляцияға салымы ең елеулі – 1,6% болды. Азық түлік емес тауарлардың бағасы 0,8%-ға, ақылы қызмет көрсетулер – 1,5%-ға өсті, бұл бағалардың жалпы өсіміне, тиісінше, 0,2% және 0,4% қосты.

Азық-түлік тауарлары рыногында өткен айда бағаның едәуір өсуі нан өнімдеріне 12,6%-ға (тамызда – 2,7%-ға) байқалды. Ұнның бағасы 17,0%-ға, нанның – 25,4%-ға, макарон өнімдерінің – 4,3%-ға, тоқаш өнімдерінің – 3,4%-ға өсті.

Сүт өнімдерінің баға өсімі 4,3%, ал сүзбеге – 5,7%, жаңа сауылған сүтке – 5,6%, айранға – 5,5%, қаймаққа – 5,1% құрады. Бағаның өсуі күнбағыс майына 12,6%-ға, жұмыртқаға 7,1%-ға байқалды.

Құс еті 4,3%-ға, сиыр мен қой еті – 2,3-2,6%-ға, шошқа еті мен шұжық өнімдері – 1,3-1,6%-ға қымбаттады. Балық және теңіз өнімдерінің бағасының деңгейі ай ішінде 1,4%-ға (тамызда – 0,6%-ға), жаңа ауланған балық – 2,2%-ға, консервіленген – 0,9%-ға өсті.

Бағаның төмендеуі соңғы екі айда 4,1%-ға бірдей болды. Олардың жекелеген түрлеріне бағаның түрлі өзгеруі байқалды. Картоп, басты пияз және қырыққабаттың бағасы 8,4-9,2%-ға төмендеді, ал алмалар мен қиярлар 2,2-3,8%-ға қымбаттады. Қант 2%-ға арзандады (ағымдағы жылғы тамыз айында – 1,9%-ға өсті).

Азық-түлік емес тауарлар тобында қатты отынның бағасы 2,1%-ға, бензиннің бағасы – 1%-ға өсті. Жуғыш пен тазалағыш құралдар және кеңсе тауарлар бағасының деңгейі – 1-1,3%-ға, баспа өнімдері – 0,8%-ға, үй тұрмысында пайдаланылатын заттарға – 0,7%-ға, жеке гигиена тауарлар мен киім және аяққиімге – 0,6%-дан, дәрі-дәрмектерге – 0,4%-ға жоғарылады.

Ақылы қызметтер саласында бағалардың ең жоғары өсуі білім беру саласында қызмет көрсетуде 8,1%-ға байқалды. Жолаушылар көлігі және медициналық мекемелер қызмет көрсетулері 1,5%-дан, мәдениет пен демалыс қызметтері – 1,9%-ға, шаштараздар қызметтері – 1,6%-ға, мейрамханалар мен қонақ үйлердің қызметтері 3,4%-ға өсті.

Тұрғын үй-коммуналдық қызметтер көрсету тарифтері 0,8%-ға өсті. Газбен жабдықтауға арналған төлем – 3,6%-ға, тұрғын үйді күтіп ұстауға – 1,3%-ға, қоқыс жинауға – 0,5%-ға, электр энергиясына – 0,3%-ға өсті.

2005-2007 жылдардағы инфляция

өткен жылдың тиісті айына пайызбен



2007 жылдың қыркүйегінде орташа республика бойынша жаңа тұрғын үйдің бір шаршы метрін сату бағасы 161,4 мың теңгені құрап, 2006 жылғы қыркүйекпен салыстырғанда 1,6 есеге, көркейтілген тұрғын үйді қайта сату бағасы, тиісінше – 139,4 мың теңге болып, 1,7 есеге өсті.

2006-2007 жылдардағы тұрғын үй рыногындағы бағалардың өзгеруі

өткен айға пайызбен, өсуі +, төмендеуі -



Жемістер мен көкөністерге, бензинге, көмірге баға өсуінің әсерін есепке алмай есептелген базалық инфляция ағымдағы жылдың қыркүйегінде – 2,6%-ды құрады, ағымдағы жылдың тамызында – 1% болған.

2007 жылдың қыркүйегінде Қазақстан Республикасындағы инфляция

пайызбен, өсуі +, төмендеуі -

	2007 жылдың қыркүйегі			2007 жылдың қаңтар-қыркүйегі 2006 жылдың қаңтар-қыркүйегіне
	2007 жылдың тамызына	2006 жылдың желтоқсанына	2006 жылдың қыркүйегіне	
Инфляция	2,2	8,6	11,2	8,6
Базалық инфляция	2,6	8,8	11,0	7,9
Ақшалай табысы өте төмен халықтың топтарына арналған бағалар мен тарифтердің өзгеруі	3,6	10,6	13,6	9,0
Ақшалай табысы өте жоғары халықтың топтарына арналған бағалар мен тарифтердің өзгеруі	1,7	7,9	10,6	8,6

2007 жылдың қыркүйегінде 2006 жылдың желтоқсанына қарағанда негізгі тамақ өнімдерін тұтынудың ең төменгі нормаларынан есептелген орташа халықтың жан басына шаққандағы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасы 25,2%-ға, өткен айға қарағанда 0,7%-ға өсіп, 10381 теңгені (тамақ өнімдері – 6229 теңгені, азық-түлік емес тауарлар мен ақылы қызметтер – 4152 теңгені) құрады. 2007 жылдың қыркүйегінде оның құрылымында ет пен балықты сатып алуға жұмсалған шығыстардың үлесі 18,4%, сүт, майтоң май өнімдері мен жұмыртқаны – 13,4%, жемістер мен көкөністерді – 17,7%, нан өнімдерін – 8,4%, қант, шай және дәмдеуіштерді сатып алуға жұмсалған шығыстардың үлесі – 2,1% құрады.

6.2 ЭКОНОМИКАНЫҢ НАҚТЫ СЕКТОРЫНДАҒЫ БАҒА

Өнеркәсіп өнімін өндіруші-кәсіпорындар бағалары, өндірістік сипаттағы қызметтер көрсетуді қоса 2007 жылдың қыркүйегінде алдыңғы аймен салыстырғанда 1,4%-ға төмендеді, 2006 жылдың желтоқсанымен салыстырғанда 15,4%-ға өсті. Өндірілген өнім бір ай ішінде 1,5%-ға арзандады, ал өндірістік сипаттағы қызмет көрсету 0,1%-ға қымбаттады. Түпкілікті мақсат бойынша сыныпталған өнімдер тобынан өндіріс құрал-жабдықтарының бағасы 3,9%-ға, тұтыну тауарларының – 1,7%-ға өсті, аралық тұтыну өнімдерінің бағасы 1,9%-ға төмендеді.

2007 жылғы Қазақстан Республикасында өнеркәсіп өнімін өндіруші кәсіпорындар бағаларының индексі

пайызбен, өсуі +, төмендеуі-

	2007ж. қыркүйегі				2007ж. қаңтар - қыркүйегі 2006ж. қаңтар - қыркүйегіне
	2007ж. тамызына	2006ж. қыркүйегіне	2006ж. желтоқсанына	2005ж. желтоқсанына	
Өнеркәсіп өнімдері, өндірістік сипаттағы қызмет көрсетулерді қоса	-1,4	11,2	15,4	32,2	7,5
Өндірілген өнім	-1,5	11,6	16,2	33,5	7,6
Өндіріс құралдары	3,9	12,5	8,3	17,8	7,6
Аралық тұтыну өнімдері	-1,9	11,7	17,3	35,9	7,7
Тұтыну тауарлары	1,7	9,0	5,6	14,3	6,9
Өндірістік сипаттағы қызмет көрсету	0,1	5,0	4,4	14,3	5,9

Өнеркәсіп өнімін өндірушілер бағаларының базалық индексі (мұнай мен металл бағаларының өзгеруі есебінсіз) ағымдағы жылдың қыркүйегінде тамыз айымен салыстырғанда 99,9%, 2006 жылдың желтоқсанымен салыстырғанда 110% құрады.

Өткен айда бағаның төмендеуі кен өндіру өнеркәсібінде – 1,8%-ға, өңдеу өнеркәсібінде – 1,1%-ға, ал бағаның өсуі электр энергиясын, газ бен су өндіру және бөлуде - 0,2% байқалды. Өткен айда өнеркәсіптегі бағаның төмендеуі металл илектеріне 4,5%-ға белгіленді, бұл осы тауарлардың әлемдік рыноктағы арзандауынан болып отыр. Мырыш бағасы 14,1%-ға, алюминий – 9%-ға, мырыш - 8%-ға, қымбат бағалы металдар – 1,5%-ға төмендеді. Химия өнеркәсібінде бағаның ағымдағы жылдың тамыз айында 1%-ға өсуінен кейін, өткен айда олар негізгі химия өнімдері бағасының 0,7%-ға төмендеуі және фармацевтикалық препараттар, сырлар мен лактардың бағалары деңгейінің өзгеріссіз қалуы есебінен 0,5%-ға төмендеді.

Энергия ресурстары бағаларының деңгейі тұтастай алғанда ағымдағы жылдың қыркүйек айында 1,7%-ға төмендеді, ал оның алдындағы айда 6,5%-ға өсті. Бұл республикада газ конденсатын өндіру бағасының 3,8%-ға, мұнай – 1,9%-ға төмендеуіне байланысты болып, өнеркәсіптегі баға серпініне 1,1%-ға теріс "үлес" қосты.

2007 жылғы шикізаттық энергия ресурстарын өндіруші кәсіпорындар бағасының индексі

өткен айға пайызбен



Ағымдағы жылдың қыркүйегінде республикада өндірілген тамақ өнімдерінің бағасы 4,3%-ға (тамыз айында – 2,2%-ға) өсті. Олардың елеулі өсуі құс етіне – 4,5%-ға байқалды, бұл оның аграрийлерде қымбаттауынан болды. Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріндегі бағаның ұқсас өзгеруі бидай ұнының – 13,6%-ға, сонан соң нан бағасының – 9,9%-ға көтерілуіне әкеп соқты. Осы уақытта өсімдік майы – 9,5%-ға, маргарин – 7,5%-ға, сүт өнімдері - 4,3%-ға, макарон өнімдері – 3,7%-ға қымбаттады.

Өткен айда бақылауға алынған өндірістік сипаттағы қызметтердің ішінде мұнай және газ өндіру тарифтері – 0,5%-ға көтерілді, газеттерді басып шығаруда тарифтер – 4,3%-ға төмендеп, электр энергиясын өңірлік деңгей желісі бойынша тасымалдау және бу мен ыстық сумен жабдықтау қызметтерінің бағасы өткен деңгейде қалды.

Технологиялық үдеріс үшін өнеркәсіп кәсіпорындары сатып алған өндіріс ресурстарына бағалар индексі ағымдағы жылдың қыркүйегінде тамыз айына қарағанда 100,6%, 2006 жылдың желтоқсанына – 105,1% құрады. Өткен айда республикада сатып алынған шикізат пен материалдар бағасы 0,3%-ға, Достастық елдерінде – 2,1%-ға, алыс шетелде – 3,9%-ға өсті.

Республикадан шығарылған тауарлардың бағасы ағымдағы жылдың тамызында шілде айымен салыстырғанда 4,3%-ға, 2006 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 26,4%-ға жоғарылады. Ай ішінде ТМД елдеріне шығарылған өнім 5%-ға, алыс шетелге – 4,1%-ға қымбаттады. Қайта өңдеу сатылары бойынша сыныпталған, экспорттық өнім топтарындағы шикізат бағасы – 5,3%-ға, жартылай фабрикаттар – 0,9%-ға және дайын тауарларға баға – 7,7%-ға жоғарылады. Мұнай және газ конденсатына экспорттық жеткізілім бағасы – 5,3%-ға өскені тіркелді, бұл оның сыртқы рыноктағы ұқсас қозғалысына байланысты. Қорғасын – 15%-ға, қара металдар - 9,3%-ға қымбаттап, мырыш 3,3%-ға арзандады. Шетелге шығарылған ауыл шаруашылығы өнімдерінің ішінде бидай бағасы – 10,3%-ға (шілде айында - 8,5%-ға) және қант бағасы – 8,8%-ға (4,2%-ға) көтерілді.

Қазақстанға жеткізілген өнімдер бағасының индексі ағымдағы жылдың тамызында шілде айына қарағанда 100,5%, 2006 жылғы желтоқсанына қарағанда 104,7%, Достастық мемлекеттерінен – тиісінше 100,8% және 109,0%, әлемнің қалған елдерінен – 100,1% және 98,9% құрады. Импортталатын аяқ киім бағасы – 9%-ға, тоқыма бұйымдар – 5,4%-ға, құрылыс материалдары – 0,8%-ға, пластмасса – 4%-ға, минералды өнімдер – 2,8%-ға өсті, ал бағалы емес металлдар – 4%-ға төмендеді.

Ағымдағы жылдың қыркүйегінде тамыз айымен салыстырғанда **ауыл шаруашылығы өнімдерін өткізу бағасының индексі** 5% құрады. Бұл өткен тоғыз ай ішінде, өсімдік шаруашылығы өнімдері бағасының қарқынды өсуіне байланысты ең жоғарғы өсім. Өткен айда оған баға 7%-ға көтерілді, бұл тамыз айында – 0,7% болған, ал мал шаруашылығы өнімдерінің бағасы - 2,2% және 1,2%-ға өсті.

Ауыл шаруашылығы өнімдеріне бағалардың өзгеруі

пайызбен, өсуі +, төмендеуі-

	2007 жылдың қыркүйегі				2007 жылдың қаңтар-қыркүйегі 2006 жылдың қаңтар-қыркүйегіне
	2007 жылдың тамызына	2006 жылдың қыркүйегіне	2006 жылдың желтоқсанына	2005 жылдың желтоқсанына	
Ауыл шаруашылығы өнімдері	5,0	20,6	10,4	20,9	14,3
Өсімдік шаруашылығы өнімдері	7,0	27,1	15,7	27,6	17,5
Мал шаруашылығы өнімдері	2,2	12,0	3,4	12,1	10,2

Дәнді дақылдар рыногында жағдай бидай бағасының ұшқары өсуімен сипатталды. Ағымдағы жылдың қыркүйегінде бидай бағасы 8,9%-ға өсті, бұл өткен айға қарағанда 8,2 пайыздық пунктке көтерілді. Арпа - 4,4%-ға, жүгері – 2,4%-ға, сұлы мен тары – 0,3%-дан, қарақұмық – 0,2%-ға қымбаттады. Жаңа піскен көкөністер өткен аймен салыстырғанда 3,8%-ға (ағымдағы жылдың тамыз айында – 1,9%-ға) қымбаттады. Қызанақ бағасы - 12,2%-ға, қияр – 2,8%-ға, сәбіз – 0,7%-ға қымбаттады. Ағымдағы жылдың қыркүйегінде гүлдер – 19,8%-ға, алма мен алмұрт – 3,5%-ға, мақсары тұқымы – 1,3%-ға, күнбағыс тұқымы – 0,4%-ға қымбаттады. Картоп – 2,2%-ға, басты пияз – 1,2%-ға, қырыққабат - 0,8%-ға арзандады.

Ағымдағы жылдың тамызында жұмыртқа бағасының 4,4%-ға қымбаттауынан кейін, қыркүйекте бағасы қайта 8,5%-ға, сүт – 2,2%-ға өсті. Құс еті - 2,9%-ға, барлық түрдегі мал еті – 0,7%-ға қымбаттады. Қой еті және жылқы еті – 1-1,2%-ға, ірі қара мал еті – 0,6%-ға, шошқа еті бағалары 0,3%-ға өсті.

2007 жылы ауыл шаруашылығы өнімдерінің жекелеген түрлеріне бағалардың өзгеруі

өткен айға пайызбен, өсуі+, төмендеуі-



Ағымдағы жылғы қыркүйекте тамыз айымен салыстырғанда **құрылыстағы баға индексі** 100,6%, 2006 жылғы желтоқсан айымен салыстырғанда – 105,3%, құрылыс-монтаж жұмыстарына – тиісінше, 100,8% және 105,9%, технологиялық жабдықтарға – 100,2% және 104,8%, өзге де жұмыстар және шығындар – 100,1% және 104% құрады.

2007 жылғы құрылыстағы баға индексі

өткен айға пайызбен, өсуі+, төмендеуі-



Ағымдағы жылдың қыркүйегінде құрылыс ұйымдары сатып алған материалдар, бөлшектер және конструкциялар өткен жылдың желтоқсанымен салыстырғанда 5,4%-ға, өткен аймен салыстырғанда - 1%-ға қымбаттады. Өткен айда ағаш талшықты тақталарға бағалар 10,9%-ға, лактар, құрылыс металл конструкциялары, жай пішінді асбестцемент табақтары, қож мақтасы – 4,4-4,6%-ға, жертөленің қабырғаларының бетон блоктары және жылуоқшаулағыш тақталар – 4,1%-дан, қылқан жапырақты ағаш материалдар – 3,2%-ға, портландцемент және ғаныш – 2,2-2,5%-ға, тауарлы бетон, ыстықтай илектелген болаттан жасалған бұрыштықтар мен пішіндер, қыштан жасалған кірпіштер – 1,5-1,7%-ға, қиыршықтас және құм – 0,5-0,7%-ға өсті, ал радиаторларға баға - 0,3%-ға төмендеді.

Ағымдағы жылдың қыркүйегінде **көліктің барлық түрлерімен жүк тасымалдау тарифтерінің индексі** өткен аймен салыстырғанда - 99,9%, 2006 жылдың желтоқсанымен салыстырғанда - 99% құрады.

Ағымдағы жылдың қыркүйегінде тамыз айымен салыстырғанда құбыр желісі көлігі қызметтері 0,5%-ға (ағымдағы жылдың қаңтар-қыркүйегінде - 1%-ға), ал мұнайды қайта айдау -0,8%-ға (1,1%-ға) арзандады.

Автожол көлігі қызмет көрсетулерінің тарифтері өткен айда 0,5%-ға (ағымдағы жылдың тоғыз ай ішінде – 4,2%-ға) көтерілді. Қала ішінде автокөлікпен жүкті жеткізу 1,4%-ға, қала сыртына қатынас – 0,5%-ға қымбаттады. Темір жол, әуе, су көлігі түрлерімен жүк тасымалдау тарифтері өзгеріссіз қалды.

7. ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІ

7.1 МЕМЛЕКЕТТІК ҚАРЖЫ

Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеті. ҚР Қаржы министрлігінің жедел деректері бойынша 2007 жылғы 1 қыркүйекке мемлекеттік бюджет табыстары 1796,6 млрд. теңгені немесе орындалатын бюджетке қатысты 67,8% құрады. Шығындар 1674,5 млрд. теңге сомада өндірілді және ол бойынша орындау – 61,4% құрады. 2006 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда табыстар 14,7%-ға, ал шығындар 17,6%-ға артты. Бюджет тапшылығы (таза бюджеттік кредит беруді және қаржылық активтермен болатын операциялар бойынша сальдоны есепке алғанда) 85,8 млрд. теңге деңгейінде қалыптасты.

Мемлекеттік бюджет табыстарының құрылымында негізгі үлесті салықтық түсімдер (80%) алады. Корпоративтік табыс салығы, қосылған құнға салық және әлеуметтік салық бюджеттің негізгі қайнар көзі болып табылады. Салықтық емес түсімдер, негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер және трансферттер түсімі, тиісінше, 6,8%, 3,7% және 9,5%-ды құрады.

Мемлекеттік бюджеттің салықтық түсімдерінің құрылымы
(2007 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша)

пайызбен



2007 жылғы қаңтар-тамызда әлеуметтік көмекке және әлеуметтік қамсыздандыруға жұмсалған шығындар өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 24,8%-ға, жалпы сипаттағы мемлекеттік қызмет көрсетулерге – 41,8%-ға, білім беруге – 37,1%-ға және денсаулық сақтауға – 41,9%-ға артты.

Мемлекеттік бюджет шығындары
(2006-2007жж. 1 қыркүйектегі жағдай бойынша)

млрд. теңге



2007 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша Республикалық бюджетке түскен табыстар 1395,3 млрд. теңгені құрады. Шығындар 1351,4 млрд. теңге сомада өндірілді. Бюджет тапшылығы 166,5 млрд. теңге деңгейінде анықталды. Өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда табыстар 10,5%-ға, ал шығындар 14,4%-ға артты.

Республикалық бюджет табыстарының 71,2%-ын салықтар, 8,3%-ын-салықтан тыс түсімдер, 20,1%-ын трансферттер түсімі, 0,5%-ын негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер құрады.

Республикалық бюджет шығындарында әлеуметтік көмекке және әлеуметтік қамсыздандыруға – 23,9%, жалпы сипаттағы мемлекеттік қызмет көрсетулерге – 21,1%, көлік және коммуникацияға – 10%, білім беруге – 6,8% және денсаулық сақтауға – 5,3% келеді.

Жергілікті бюджетке түскен табыстар 969,8 млрд. теңгені, шығындар 891,7 млрд. теңгені құрады. 2006 жылғы осы кезеңмен салыстырғанда табыс 40,6%-ға, шығындар – 41,7%-ға өсті. Бюджет профициті 68 млрд. теңге деңгейінде қалыптасты.

Жергілікті бюджеттердің табыстар бөлігі 103,8%-ға орындалды. Жоспарды негізгі асыра орындау Батыс Қазақстан – 108,6%, Қызылорда – 108%, Маңғыстау – 107,7% облыстарына, Алматы қаласына – 107,7% және Атырау облысына – 106,1% келеді. Сонымен қатар, Астана қаласы (97,9%) және Оңтүстік Қазақстан облысы (99,6%) бойынша жоспарды орындамау байқалады.

7.2 КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

2007 жылғы II тоқсанда республиканың ірі және орта кәсіпорындарының өндірістік-қаржылық қызметінің жақсару үрдісі байқалды. 2007 жылғы II тоқсанда зерттеуге қатысқан 4900 кәсіпорындардың (1250 - ірі, 3650 – орта) салық салуға дейінгі түскен табысы 898,5 млрд. теңгені құрады және 2006 жылғы II тоқсанмен салыстырғанда 14,4%-ға немесе 113,0 млрд. теңгеге өсті.

Жалпы кәсіпорындардың пайдалылығы 35,9% құрады, бұл 2006 жылғы тиісті тоқсандағы деңгейден 5,7 пайыздық тармаққа төмен. Шикі мұнай мен табиғи газ барлаумен, бұл салаларда қызмет көрсетумен айналысатын кәсіпорындар (116,2%) ең пайдалы болып табылды.

2007 жылғы II тоқсанда жалпы барлық экономикалық қызмет салаларында оң мәнді қаржы нәтижелері алынды. Пайданың жалпы көлемінің жартысынан астамы (51,5%) кен өндіру кәсіпорындарымен алынды, ал өңдеу өнеркәсібінде табыс республикалық деңгейден 20,4% деңгейінде қалыптасты. Өңірлік бөліністе елеулі табыс сомасы Астана қаласы – 178,0 млрд. теңге (республикалық көрсеткіштің – 19,8%-ы), Атырау облысы – 168,0 млрд. теңге (18,7%) кәсіпорындарына келеді. Одан басқа, ең жоғары оң мәнді қаржы нәтижесі – Алматы қаласының (114,0 млрд. теңге), Қарағанды (98,2 млрд. теңге), Қызылорда (90,1 млрд. теңге), Маңғыстау (86,4 млрд. теңге), Ақтөбе (82,5 млрд. теңге) облыстарының кәсіпорындарында белгіленді, көрсетілген өңірлердің жиынтық үлесі 52,4% құрады.

2007 жылғы екінші тоқсанда кәсіпорындар шығыстарының жалпы сомасы 2530,2 млрд. теңгені құрады, бұл 2006 жылғы тиісті кезеңнен 30,6%-ға жоғары. Шығыстардың салалық құрылымында өңдеу өнеркәсібінің (23,0%), кен өндіру өнеркәсібінің (20,3%), құрылыстың (14,7%) басымдылығы байқалды. Өңірлік бөліністе орта және ірі кәсіпорындар шығыстарының маңызды бөлігі Астана қаласының (22,7%), Алматы қаласының (21,5%) және Атырау облысының (14,4%) кәсіпорындарына келді.

Республиканың орта және ірі кәсіпорындарымен есепті кезеңде өнімдер (тауарлар, қызмет көрсетулер) 1973,1 млрд. теңге сомасына өндірілді; шығарылған өнімнің жалпы көлемінен негізгі бөлігі 1763,8 сомасында (89,4%) сатылған, 49,7 млрд. теңге (2,5%) – кәсіпорынның ішінде пайдаланылған.

Өндірістің елеулі көлемі өнеркәсіп кәсіпорындарына (45,7%), құрылыс (18,2%) көлік және байланыс (14,5%) кәсіпорындарына, жылжымайтын мүлікпен операциялар, жалға беру және тұтынушыларға қызмет көрсетумен айналысатын субъектілерге (9,9%) келеді. Өңірлік бөліністе өнім (тауар, қызмет) шығарудың елеулі үлес салмағы Алматы қаласы (24,1%), Астана қаласы (19,5%) және Атырау облысының кәсіпорындарына (13,4%) келеді. Шығарылымның жалпы көлеміндегі ірі кәсіпорындардың үлесі 75,4% және орта кәсіпорындардың үлесі 24,6% құрады.

Орта және ірі кәсіпорындардың қаржы нәтижесінің серпіні

(өткен жылғы тиісті тоқсанға %-бен)



2007 жылғы екінші тоқсанда 1799 кәсіпорын (кәсіпорындардың жалпы санының 36,7%-ы) 83,9 млрд. теңгенің сомасында зиян шекті, бұл 2006 жылғы тиісті кезеңнен 41,0%-ға жоғары, сонда зиян шеккен кәсіпорындардың саны 60 бірлікке өсті. Залалды кәсіпорындардың құрылымында 32,1%-ы өнеркәсіп секторына келеді, мұнда ең үлкен залалды өңдеу саласы кәсіпорындары алды. Республика өңірлерінде зиян шеккен кәсіпорындардың көп саны Ақмола (өңірдің барлық кәсіпорындарының 53,5%-ы), Қарағанды (43,1%), Солтүстік Қазақстан (41,7%) және Жамбыл (41,2%) облыстарында тіркелді.

2007 жылғы II тоқсандағы табыс және зиян шеккен кәсіпорындардың өңірлер білінісіндегі үлестік бөлінуі

(%-бен)



Орта және ірі кәсіпорындардың өзара есеп айырысуларының жағдайы

2007 жылғы II тоқсанның аяғында республиканың 4900 кәсіпорындарында 2006 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда кәсіпорындардың міндеттемелері бойынша берешегі 30,3%-ға өсіп, 9412,2 млрд. теңгені құрады, соның ішінде мерзімі өткен берешек жалпы міндеттемелер көлемінің 1,5% (140,3 млрд. теңге) деңгейінде қалыптасты. Міндеттемелер бойынша берешектің құрылымында ең үлкен үлес жетк-

ізушілер мен мердігерлер берешегіне – 21,8% және банктердің қарыздарына - 18,9% келеді. Міндеттемелер бойынша берешектің негізгі үлесі (72,5%) ірі кәсіпорындарға келеді.

Салалық бөліністе төленбейтіндердің негізгі көлемі, міндеттемелердің жалпы көлемінің 37,6%-ы келетін, өнеркәсіп кәсіпорындарының есебінен қалыптасты, сонда кен өндіру кәсіпорындарының үлесі – 54,5%, өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарының үлесі – 36,7%, электр энергиясын, газ бен суды өндіру және бөлу кәсіпорындары өнеркәсіп кәсіпорындарының жалпы көлемінің 8,8%-ы.

Өңірлік деңгейде міндеттемелердің жалпы көлеміндегі ең үлкен берешек көлемінің үлес салмағы Атырау облысында – 28,8% (2006 жылғы II тоқсанда 31,3%), Алматы қаласында – 20,6% (20,2%) және Астана қаласында – 18,3% (18,8%) байқалады.

Жалпы кәсіпорындар бойынша дебиторлық берешек 2006 жылғы II тоқсанға қарағанда 19%-ға өсіп, 3820,8 млрд. теңгені құрады, соның ішінде мерзімі өткен дебиторлық берешек 199,5 млрд. теңгені құрады, бұл берешектің жалпы сомасының 5,2%-ы. Дебиторлық берешектің құрылымында негізгі көлемді - 44,1%-ды (1685,6 млрд. тенге) сатып алушылар және тапсырыс берушілердің берешегі орын алады.

Дебиторлық берешектің негізгі үлесі Алматы қаласы – 25,1% (959,5 млрд. теңге), Астана қаласы – 19,5% (745,7 млрд. теңге) және Маңғыстау облысы – 8,6% (330,3 млрд. теңге) кәсіпорындарына келді.

Негізгі экономикалық қызмет түрлері бөлінісінде еңбек ақы төлеу бойынша берешектің бөлінуі



2007 жылғы II тоқсанда міндеттемелер бойынша берешек дебиторлық берешектен 2,5 есеге асып түсті. Міндеттемелердің дебиторлық берешектен максималды асып түсуі жылжымайтын мүлікпен операциялармен, жалға беру және тұтынушыларға қызмет көрсетумен (6,1 есеге) айналысатын кәсіпорындарында, сондай-ақ қонақ үй және мейрамханалық бизнесі (4,7 есеге) саласында қалыптасты.

Жұмысшыларға және қызметкерлерге жалақы бойынша мерзімі өткен берешек 2007 жылдың 1 шілдесіне 1,5 млрд. теңгені құрады, бұл жалақы бойынша жалпы берешектің 2%-ы.

7.3 АҚША-КРЕДИТ ЖҮЙЕСІ

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің деректері бойынша 2007 жылғы тамыздың соңына ақша базасы (резервтік ақшалар) 1751,1 млрд. теңге (2006 жылғы тамыздың соңына – 1099,0 млрд. теңге) сомасында анықталды және өткен аймен салыстырғанда 3,2%-ға өсті. Ақша базасының құрамында Қазақстанның Ұлттық Банкінен (ҚҰБ) тыс қолма-қол ақшалар және екінші деңгейдегі банктердің және Қазақстан Ұлтық Банкіндегі басқа ұйымдардың депозиттері тиісінше 938,1 млрд. теңге мен 813,0 млрд. теңгені (2006 жылғы тиісті кезеңде тиісінше – 619,5 млрд. теңге және 479,5 млрд. теңге) құрады.

Айналымдағы қолма-қол ақша (М0) 2007 жылғы тамызың соңына өткен аймен салыстырғанда 1,1% кеміді, 2006 жылдың сәйкес мерзіммен салыстырғанда 45,2%-ға өсіп, 806,1 млрд. теңгені құрады.

Ақша базасы (М3) ағымдағы жылғы тамыздың соңына 2007 жылғы шілдемен салыстырғанда 1%-ға қысқарды және 4572,1 млрд. теңгені (2006 жылғы тамызың соңына – 2965,1 млрд. теңге) құрады.

Екінші деңгейдегі банктердегі резиденттер депозиттерінің жалпы көлемі 2007 жылғы тамыздың соңына 3766 млрд. теңге сомасында (2006 жылғы тамыздың соңына – 2410,2 млрд. теңге) белгіленді. Ұлттық валютадағы депозиттер ағымдағы жылдың шілдесімен салыстырғанда 6,1% азайып, 2614,8 млрд.

теңгені, шетел валютасындағы депозиттер 13,1%-ға өсіп, 1151,2 млрд. теңгені құрады. 2007 жылғы тамызда жеке тұлғалар депозиттері 1437,2 млрд. теңгені (2006 жылғы сәйкес кезеңде – 805,4 млрд. теңге) құрады, бұл депозиттердің жалпы сомасының 38,2%-ын алады.

2004-2007жж. ұлттық және шетел валютасындағы депозиттер

кезең соңына, млрд. теңге



Ағымдағы жылғы тамыздың соңына екінші деңгейдегі банктер кредиттері 7129,9 млрд. теңгені (2006 жылғы тамыздың соңына – 3583,8 млрд. теңге) құрады және бір айда 3,7%-ға өсті. Аталған кезеңде 2007 жылдың шілдесімен салыстырғанда банктік емес заңды тұлғаларға берілген кредиттер сомасы 2,7%, жеке тұлғаларға – 5,5%-ға өсіп, тиісінше 4604,7 млрд. теңге және 2525,2 млрд. теңгені құрады.

2006 және 2007жж. тамызындағы екінші деңгейдегі банктер кредиттерінің салалық құрылымы

кезең соңына, пайызбен



1 – өнеркәсіп; 2 – ауыл шаруашылығы; 3 – құрылыс; 4 – көлік; 5 – байланыс; 6 – сауда; 7 – өзге де

2007 жылғы тамыздың соңына ұзақ мерзімді кредиттер сомасы (бір жылдан астам) 5618,9 млрд. теңгені (2006 жылғы тамыздың соңына – 2638,2 млрд. теңге) құрады және ағымдағы жылдың өткен айымен салыстырғанда 3,5%-ға өсті. Кредиттер құрылымында олар ең үлкен үлесті – 78,8%-ды (2006 жылдың сәйкес кезеңінде – 73,6%) құрайды.

Кредиттеу объектілері бойынша ең үлкен үлесті айналым қаражаттарын сатып алуға берілген кредиттер – 26,4% (1881,4 млрд. теңге), ең аз үлесті құнды қағаздарды сатып алуға берілген кредиттер – 0,9% (67,5 млрд. теңге) алады. Азаматтардың тұтынушылық мақсаттарына берілген кредиттер – 17,3% (1231,3 млрд. теңге), негізгі қорларды сатып алуға – 11,6% (828,6 млрд. теңге), азаматтарға тұрғын үйлерді салу және сатып алуға – 12,0% (855,4 млрд. теңге), жаңа құрылыс және қайта құруға – 10,9% (777,6 млрд. теңге), басқа мақсаттарға – 20,9% (1488,1 млрд. теңге) құрады.

2007 жылғы тамыздың соңына екінші деңгейдегі банктердің шағын кәсіпкерлік субъектілеріне берілген кредиттері 1469,3 млрд. теңгені құрады, бұл өткен айға қарағанда 5,4%-ға көп. Бұл жалпы берілген кредиттердің 20,6%-ын (2006 жылдың сәйкес кезеңінде – 18%) құрайды.

ҚР Ұлттық Банкінің деректері бойынша ағымдағы жылғы тамызда жеке тұлғаларға шетел валютасын сату көлемі оны сатып алу көлемінен: еуро және АҚШ доллары бойынша – 3,5 есеге, ресей рублі бойынша – 1,7 есеге асып түсті. Жеке тұлғаларға шетел валютасын сату көлемі өткен аймен салыстырғанда еуро бойынша – 17%, ресей рублі бойынша – 33,4% көтерілді, ал АҚШ доллары – 41,2%-ға қысқарды.

2004 - 2007жж. АҚШ доллары және Еуроның ресми айырбастау бағамдары

кезең соңына, валюта бірлігіне теңгемен



ҚР Ұлттық Банкінің қайта каржыландыруының ресми мөлшерлемесі 2006 жылдың 1 шілдесінен 0,5 пайыздық тармаққа өсіп, жылдық деңгейде 9% болып белгіленді.

8. ЕҢБЕК РЫНОГЫ ЖӘНЕ ЕҢБЕККЕ АҚЫ ТӨЛЕУ

8.1 ЖАЛДАНЫП ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛУ

2007 жылғы III тоқсанда (алдын ала деректер бойынша) жалдамалы қызметкерлер саны 5 млн. адамды құрады, бұл өткен жылғы тиісті кезеңнен 206,9 мың адамға (4,3%-ға) көп. Олардың санынан мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда 4 млн. адам (80,9%), жеке тұлғаларда 0,6 млн. адам (11,6%), шаруа (фермер) қожалықтарында 0,4 млн. адам (7,5%) жұмыс істеді.

2007 жылғы тамызда ірі және орта кәсіпорындарда 2,9 млн. адам жұмыс істеді немесе жалдамалы қызметкерлердің жалпы санының 57,4%-ы. Бұл өткен жылдың тиісті айына қарағанда 154,9 мың адамға немесе 5,7%-ға көп.

2007 жылғы тамызда жұмыс күшінің ағымы өткен жылдың тиісті айымен салыстырғанда құрылыста – 28,1 мың адам (13,4%), жылжымайтын мүлікпен жасалатын операцияларды жүзеге асыру саласында – 25,9 мың адам (5,6%), білім беруде – 21,1 мың адам (4,1%), қаржы саласында – 19,5 мың адам (40,6%), саудада – 18,4 мың адам (22,9%), денсаулық сақтауда – 15,9 мың адам (6,0%), өнеркәсіпте – 14,4 мың адам (2%), көлік және байланыста – 12,3 мың адам (4,8%) байқалды.

Ағымдағы жылғы тамыздың соңында ірі және орта кәсіпорындарда 25,2 мың бос жұмыс орны болды (тізімдік санға 0,9%). Бұл 2006 жылғы тамызға қарағанда 4,1 мың бірлікке (19,6%) көп. Ең көп бос жұмыс орны саны өнеркәсіпте – 7164 бірлік (олардың жалпы санының 28,5%-ы), мемлекеттік басқаруда – 5225 бірлік (20,8%) сақталды. Аталған кезеңде жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар саласында бос жұмыс орны 2968 бірлікті (11,8%), қаржы қызметінде – 3040 бірлікті (12,1%), көлік және байланыста 1876 бірлікті (7,5%), денсаулық сақтау мен әлеуметтік қызмет көрсетуде – 1466 бірлікті (5,8%), құрылыс ұйымдарында – 569 бірлікті (2,3%) құрады.

Ағымдағы жылғы тамызда шілдемен салыстырғанда бос жұмыс орындары санының өсуі өнеркәсіпте – 591 бірлікке (9%), саудада – 256 бірлікке (33,2%), қаржы қызметінде – 180 бірлікке (6,3%) анықталды.

Аталған кезеңде бос жұмыс орындары санының азаюы көлік және байланыста – 138 бірлікке (6,9%), жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар саласында – 108 бірлікке (3,5%) байқалды.

2005-2007 жылдардағы ірі және орта кәсіпорындардағы бос жұмыс орындарының саны

айдың соңына



8.2 ЖҰМЫССЫЗДЫҚ ЖӘНЕ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

2007 жылғы үшінші тоқсанда 15 және одан жоғары жастағы экономикалық тұрғыдан белсенді халық саны (алдын ала деректер бойынша) 8,3 млн. адамды құрады, бұл өткен жылдың тиісті кезеңіне қарағанда 206,5 мың адамға (2,6%-ға) көп. Республика экономикасында 7,7 млн. адам жұмыспен қамтылды. 2006 жылғы үшінші тоқсанға қарағанда олардың саны 229,8 мың адамға (3,1%-ға) өсті. Жұмыспен қамтылғандар құрылымында негізгі үлесті – 64,9% жалдамалы қызметкерлер, ал өз бетінше жұмыспен қамтылғандар – 35,1% құрайды.

2007 жылғы үшінші тоқсанда жұмыссыздар саны (табысты жұмысы болмаған, оны үздіксіз іздеген және оған кірісуге әзір 15 жастағы және одан асқан адамдар) 583,9 мың адамды құрады және өткен жылғы осы кезеңмен салыстырғанда 23,3 мың адамға қысқарды. Жұмыссыздық деңгейі 7,0% (2006 жылғы үшінші тоқсанда – 7,5%) қалыптасты.

2006 - 2007 жылдардағы жұмыссыздық деңгейі



Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің деректері бойынша 2007 жылдың басынан осы кезеңге дейін уәкілетті органдарға жұмысқа орналасу мәселесі бойынша 189,3 мың адам, қыркүйек айында – 21,5 мың адам, ауыл тұрғыны – тиісінше 80,8 мың және 9,3 мың адам келді.

2007 жылғы қыркүйек соңында жұмыспен қамту органдарында жұмыссыздар ретінде есепте тұрған адамдар саны 65,5 мың адамды құрады, бұл тамыз айына қарағанда 6,9 мың адамға (9,5%-ға) және 2006 жылғы қыркүйекке қарағанда 23,4 мың адамға (26,3%-ға) аз. Тіркелген жұмыссыздар санында көбін әйелдер – 46,3 мың адам (70,6%) және ауыл тұрғындары – 33 мың адамды (50,3%) құрайды. Ағымдағы жылғы қыркүйекте экономикалық тұрғыдан белсенді халық санында тіркелген жұмыссыздар үлесі 0,8% (2006 жылдың қыркүйегінде – 1,1%) құрады.

2007 жылғы қаңтар-қыркүйекте 159,9 мың адам жұмысқа орналастырылды, бұл жұмысқа орналасуға келгендер санының 84,5%-ы. Ағымдағы жылғы қыркүйекте жұмысқа орналасқандар саны 24,8 мың адамды құрады, бұл өткен жылдың тиісті кезеңіне қарағанда 2,6 мың адамға (11,6%-ға) көп. Ағымдағы жылғы қыркүйекте 11,6 мың ауыл тұрғыны жұмысқа орналасқан.

Ағымдағы жылғы қыркүйекте 3,8 мың адам кәсіптік даярлауға немесе қайта даярлауға, біліктілігін арттыруға жіберілді, 8,3 мың адам қоғамдық жұмыстарға қатысты, оның ішінде ауылдықтар – тиісінше 1,6 мың және 4,4 мың адам.

2007 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша 9 кәсіпорын әртүрлі себептерге байланысты өндірісін толықтай, 57-ы жартылай тоқтатқан, 8 кәсіпорын толық емес жұмыс уақыты режиміне толықтай көшсе, 29 кәсіпорын толық емес жұмыс уақыты режимінде жартылай жұмыс істеген. Ағымдағы жылғы қыркүйек айында еріксіз демалыста болған қызметкерлер саны 4,7 мың адамды (ағымдағы жылғы тамызда – 5,6 мың адамды) құрады.

8.3 ЕҢБЕККЕ АҚЫ ТӨЛЕУ

2007 жылдың тамызында бір қызметкердің орташа айлық атаулы жалақысы 54253 теңгені құрап, 2006 жылдың тиісті айымен салыстырғанда 28%-ға, нақты көрінісінде – 17%-ға, қаңтар-тамызында – тиісінше, 50128 теңгені құрап, 29,7% және 19,9%-ға өсті.

2006-2007 жылдардағы Қазақстан Республикасындағы еңбекақы



Ағымдағы жылдың тамызында 2006 жылдың осы айымен салыстырғанда жалдамалы қызметкерлердің жалақысының көбеюі экономикалық қызметтің барлық түрлерінде байқалды. Жалақы аса жоғары қарқынмен денсаулық сақтауда және әлеуметтік қызмет көрсетуде – 56,4%-ға, білім беруде – 33,8%-ға, жылжымайтын мүлікпен операциялар саласында – 26,9%-ға, құрылыс саласында – 25,9%-ға, кен өндіру өнеркәсібінде – 13,2%-ға өсті.

Жалақының жоғары деңгейі экономиканың қаржы және өндіріс салаларында сақталды. 2007 жылдың тамызында қаржы құрылымдарындағы бір қызметкердің жалақысы 114,8 мың теңгені, кен өндіру өнеркәсібінде – 99,1 мың теңгені, жылжымайтын мүлікпен операциялар саласында – 79 мың теңгені, құрылыста – 75,6 мың теңгені, көлік және байланыста – 75,4 мың теңгені құрады, бұл республикалық орташа деңгейден 1,4 – 2,1 есеге жоғары.

Білім беру қызметкерлерінің орташа жалақысы ағымдағы жылдың тамызында 31400 теңге болып қалыптасты, бұл республика бойынша орташа жалақыдан 42,1%-ға төмен, денсаулық сақтауда – тиісінше, 34197 теңге және 37%-ға. Ең төменгі жалақы ауыл шаруашылығы қызметкерлерінде – 24186 теңге болып сақталып отыр, бұл ел бойынша орташа көрсеткіштің 44,6%-ы.

2006-2007 жылдардағы экономика секторлары бойынша орташа айлық жалақы

теңге



9. ХАЛЫҚ ТАБЫСЫ

Ақшалай табыс

2007 жылғы тамызда халықтың жан басына шаққандағы атаулы ақшалай табысы (бағалау бойынша) 25080 теңгені құрады, бұл 2006 жылдың тамызымен салыстырғанда 23,3%-ға жоғары, нақты ақшалай табыс көрсетілген кезеңде 12,7%-ға артты.

2007 жылдың II тоқсанында еңбек қызметінен түскен табыс үлесі халықтың ақшалай табысының жалпы салмағында 82,5% құрады (2006 жылдың II тоқсанында - 79,8%).

Тұтынуға жұмсалған табыстары ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен халық үлесі 2007 жылдың II тоқсанында 2006 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 11,1%-ға дейін төмендеген (2006 жылдың II тоқсанында ол 22,8% құраған), ал азық-түлік қоржынының құнына қатысты – 1,6%-ға дейін (3,8%). Қалалық жердегі кедей халықтың үлесі өткен жылдың II тоқсанымен салыстырғанда 17,3%-дан 6,7%-ға дейін, ауылдық жерде – 30,6%-дан 16,2%-ға төмендеген. Кедейлік бұрынғыдай ауылдық жерде көбірек таралған, бұл қала және ауыл халқы табыстарының деңгейі айырмашылығының салдары болып табылады.

2007 жылғы тамыздағы халықтың атаулы және нақты ақшалай табысы (бағалау)

(өткен жылдың тиісті айына пайызбен)



10. ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТЕР ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК САЛА

10.1 ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ АХУАЛ

Ағымдағы жылдың 1 қыркүйегіне еліміздегі халық саны алдын-ала деректер бойынша 15514,7 мың адамды құрады, оның ішінде қалалық - 8205,2 мың (52,9%), ауылдық - 7309,5 мың адам (47,1%). Жыл басымен салыстырғанда ол 117,8 мың адамға немесе 0,8% өсті.

Осы кезең ішінде ауылдық жерлердегі халық санының жалпы өсімі 745,9 мың адамды (11,4%) құрады, соның ішінде әкімшілік-аумақтық өзгерістерден - 716,4 мың (10,9%), халықтың табиғи өсімі - 54,2 мың (0,8%) және көші-қонның кемуі есебінен - 24,7 мың адам (0,3%). Қалалық елді-мекендерде жалпы кему 628,0 мың адамды (7,1%) құрады, соның ішінде қалалық кенттердің ауылдық жерлерге өзгеруі есебінен 716,4 мың (8,1%).

Солтүстік Қазақстан, Қостанай және Шығыс Қазақстан облыстарынан басқа өңірлерде халық санының өсуі байқалды. Жалпы санының ең жоғары өсімі Оңтүстік Қазақстан облысына - 36,4 мың, Алматы қаласына - 21,3 мың және Астана қаласына - 17,6 мың адам, ал азаюы - Солтүстік Қазақстан облысына - 4,6 мың адам келеді.

Ағымдағы жылдың қаңтар-тамызында республика халқының табиғи өсімі 105621 адамды құрады (91334 адам - осы жерде және бұдан әрі жақшаларда өткен жылғы тиісті кезеңдегі көрсеткіштер келтірілген). Ағымдағы жылдың 1 қыркүйегіне табиғи өсімнің жалпы коэффициенті 1000 тұрғынға 10,1 (8,6) адамды құрады.

Ағымдағы жылдың қаңтар-тамызында АХАЖ органдары 215220 (197839) тууды тіркеді. Туудың жалпы коэффициенті 1000 тұрғынға 20,5 (19) туғандарды құрады. Еліміздің өңірлері бойынша туудың деңгейі келесідей қалыптасты: 1000 тұрғынға 15-ке дейін туғандар 2 (5) өңірде, 15-тен 18-ге дейін - 5 (3), 18-ден 21-ге дейін - 3 (2), 21 және одан жоғары туғандар - 6 (6) өңірде.

Осы кезең ішінде өлгендер саны 109599 (106505) адамды құрады. 1000 тұрғынға шаққандағы өлімнің жалпы коэффициенті 2006 жылғы қаңтар-тамыз деңгейінде қалып, 10,4 өлгендерді құрады. Екі облыс - Солтүстік Қазақстан және Қостанайда - өлгендер саны туғандар санынан асып түсті.

Өлімнің негізгі себептері қан айналымы жүйесі аурулары болып табылады, олардың үлесіне барлық тіркелген өлім оқиғаларының 52,2%-ы (52,1%) тиесілі, олардан жүректің ишемиялық аурулары және ми қан тамырларының зақымдануынан өлгендер саны тиісінше 45,1% (44,5%) және 24% (25%) құрайды. Өткен жылғы осы кезеңмен салыстырғанда жол-көлік оқиғаларынан өлгендер саны - 6,4%, кісі өлтіруден өлгендер саны - 3,1%, өзін-өзі өлтіруден - 5,9%-ға артты.

Ағымдағы жылдың сегіз айында елімізде 1 жасқа дейінгі 3086 (2764) бала өлімі тіркелген. Нәрестелер өлімінің коэффициенті 1000 туғанға 14,4 (14,5) өлгендерді құрады. Перинаталдық кезеңде пайда болатын жағдайлар нәрестелер өлімінің ең көп тараған себептері болып табылады, одан ағымдағы жылдың қаңтар-тамызында 1538 (1424) нәресте өлген немесе барлық нәрестелер өлімінің 49,8% (51,5%).

Ағымдағы жылдың қаңтар-тамызында некелер мен ажырасулар саны тиісінше 8,7% және 4,1%-ға артып, 93661 (86173) және 25176 (24184) неке мен ажырасуды құрады. Неке және ажырасудың жалпы коэффициенті 1000 тұрғынға 9,4 (8,8) некені және 2,4 (2,3) ажырасуды құрады.

Ағымдағы жылдың қаңтар-тамызында халық көші-қонының сальдосы 12222 (21326) адамды құрады, одан ТМД елдерімен - 6946 (17612) адам. Осы кезең ішінде республикаға 38699 (43458) адам келген, ал оның шегінен 26477 (22132) адам кеткен. 2006 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда келгендер саны 4759 адамға немесе 11%-ға азайды, ал кеткендер саны 4345 адамға немесе 19,6%-ға көбейді. ТМД елдерінен келгендер мен сол елдерге қоныс аударғандар үлесі олардың жалпы санынан тиісінше 81,5% және 92,9% (86,2% және 89,6%) құрады.

Халықтың көші-қоны сальдосының өзгеруі

адам



Көшіп-қонушылардың негізгі бөлігі Оңтүстік Қазақстан, Алматы, Маңғыстау, Ақмола облыстарына және Алматы қаласына көшіп келді, ал Шығыс Қазақстан, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Қарағанды және Ақмола облыстарынан қоныс аударды.

Ағымдағы жылдың қаңтар-тамызында республикаға келгендердің көші-қон ағымы құрылымының айтарлықтай бөлігі қазақтарға келеді, олардың үлесіне барлық келгендер санының 79,2% (78,3%) тиесілі және орыстар - 11,8% (12,5%). Республикадан кеткен мигранттар санында орыстар - 68,4% (67,4%), қазақтар - 5,9% (6,7%) құрайды.

Ел ішіндегі көшіп-қонушылардың саны 202160 (189948) адамды құрады, одан 88015 (82629) адам немесе 43,5% (43,5%) - халықтың өңіраралық көші-қонында қатысты. Өңіраралық қоныс аударуда халық көші-қонының оң сальдосы елдің 6 (4) өңірінде байқалады, одан шамасы бойынша ең көбі Астана және Алматы қалаларында: тиісінше 12413 (10376) және 9549 (13345) адам.

10.2 ХАЛЫҚТЫҢ АУРУ-СЫРҚАУЛЫҒЫ

Республикалық СЭС-тің деректері бойынша 2007 жылғы қаңтар-тамызда 2006 жылдың қаңтар-тамызымен салыстырғанда республика аумағында тұмаумен (20,8 есеге), сальмонеллез жұқпаларымен (43,8%-ға), бірінші рет анықталған созылмалы вирустық гепатитпен (35,1%), өткір вирустық гепатитпен (27%), жоғары тыныс жолдарының нақтыланбаған өткір жұқпасымен (25,2%), қызамықпен (21,1%), менингококк жұқпасымен (15,8%), ішектің өзге бактериялық жұқпасымен (13,5%), тамақтан бактериялық уланулармен (8,4%), ішектің өткір жұқпасымен (5,8%) ауырғандар саны өскені анықталған. ЖҚТБ-мен ауырғандар саны 119 оқиғаны құрады; 1331 АҚТҚ жұқпасын тасымалдаушылар (2006 жылдың қаңтар-тамызында – 1110) анықталды.

2007 жылдың қаңтар-тамыз айларында тіркелген жұқпалы аурулардың арасында аса кең тарағаны жоғары тыныс жолдарының өткір жұқпасы (100 мың адамға шаққанда 9539,9 оқиға), тұмау (154,7), ішектің өткір жұқпасы (141,8), тыныс органдарының туберкулезі (131,8), вирустық гепатит (56,1), мерез (47,4), битшеңдік (30,5) және қышыма (17,4) болды.

2006-2007жж. қаңтар-тамыздағы ауру-сырқауға шалдығу оқиғаларының тіркелген саны

бірліктер



14 жасқа дейінгі балалар арасында 2007 жылдың қаңтар-тамызында тұмаумен (16,9 есеге), өткір вирустық гепатитпен (49,5%-ға), қызамықпен (29,2%), жоғары тыныс жолдарының нақтыланбаған өткір жұқпасымен (26,6%), тамақтан бактериялық улануларымен (25,2%), ішектің өзге бактериялық жұқпасымен (21,5%), ішектің өткір жұқпасымен (14,8%), менингококк жұқпасымен (11%), ішектің нақтыланбаған бактериялық жұқпасымен (7,7%), ауырғандар саны көбейген. 62 АҚТҚ жұқпасын тасымалдаушылар (2006 жылдың қаңтар-тамызында – 45) анықталды.

Ағымдағы жылғы тамызда 2006 жылдың тамызымен салыстырғанда бірінші рет анықталған созылмалы вирустық гепатитпен (2,1 есеге), өткір вирустық гепатитпен (37,9%-ға), ішектің бактериялық жұқпасымен (12,6%) ауырғандар саны өскен. 166 АҚТҚ жұқпасын тасымалдаушылар (2006 жылдың тамызында – 153) анықталды. Ауылдық жерлерде осы ай ішінде бірінші рет анықталған созылмалы вирустық гепатитпен (4,5 есе), өткір вирустық гепатитпен (1,7 есе), ішектің бактериялық жұқпасымен (16,5%) ауырғандар саны өскен. Анықталған АҚТҚ жұқпасын тасымалдаушылардың саны 45 оқиғаны (2006 жылдың тамызында – 40) құрады.

10.3 ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚ

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің деректері бойынша республика аумағында 2007 жылғы қаңтар-тамызда тіркелген қылмыстардың саны 2006 жылдың қаңтар-тамызымен салыстырғанда 7,8%-ға азайып, 84,6 мыңды құрады, олардың 27,2% әйелдерге, 4,9% - кәмелетке толмағандарға қатысты жасалған қылмыстар. Тіркелген қылмыстардың саны тұтастай республика бойынша халықтың 10 мың адамына шаққанда 82 оқиғаны құрады (2006 жылдың қаңтар-тамызында - 91).

Қылмыстылық құрылымында ең жоғары үлес салмағы меншікке қарсы жасалған қылмыстарға келеді (62,7%). Олардың ішінде едәуір бөлігі бөтен адамның мүлкін ұрлауға (40,1%) тиесілі болып отыр, ол 2006 жылдың қаңтар-тамызымен салыстырғанда 11,4%-ға кеміген.

Халықтың денсаулығы мен адамгершілігіне қарсы жасалған қылмыстардың үлесі 8,5% құрап, олардың саны 2006 жылғы қаңтар-тамызымен салыстырғанда 4,4%-ға өскен. Бұл топта ең жоғары үлес (8,2%) есірткіге байланысты жасалған қылмыстарға келеді, олардың саны 5,5%-ға өскен. Есірткі құралдарын немесе психотроптық заттарды өткізу мақсатында заңсыз әзірлеуге, сатып алуға, сақтауға, тасымалдау мен жіберуге, оларды тұтынуға бейімдеуге, есірткі құралдарын немесе психотроптық заттарды тұтыну үшін притондар ұйымдастыруға немесе ұстауға байланысты қылмыстар саны 12,3%-ға көбейіп, 3536 оқиғаны құрады. Бұл санаттағы қылмыстардың ашылуы 87,8% құрады (2006 жылғы қаңтар-тамызда – 88,9%).

Қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікке қарсы жасалған қылмыстардың үлесі 7,7%, жеке адамға қарсы жасалған қылмыстардың үлесі 7,3% құрады. Жеке адамға қарсы жасалған қылмыстар тобында қасақана кісі өлтіру және өлтіруге оқталу (3,1%-ға), сонымен бірге денсаулыққа қасақана орташа зиян келтіру (6,4%) оқиғаларының саны азайған. Сол кезең ішінде денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру оқиғаларының саны 7,5%-ға өскен.

2007 жылғы қаңтар–тамыздағы қылмыстылық құрылымы



2007 жылғы қаңтар-тамызда 2006 жылғы қаңтар-тамызымен салыстырғанда көлік қылмысының саны (10,7%) айтарлықтай өсіп, мемлекеттік қызмет мүддесіне қарсы жасалған қылмыстардың саны (3,3%-ға) көбейген.

Республикада әскери қылмыстардың қысқару үрдісі сақталуда. 2007 жылғы қаңтар-тамызда 2006 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда әскери қызметкерлер жасаған қылмыстардың саны 29,7% азайды. Осы санаттағы тіркелген қылмыстардың 34,5% - билігін пайдаланып қиянат жасау, билікті асыра пайдалану немесе әрекетсіздік, 20,6% - өзара қарым-қатынастың жарғылық ережелерін бұзу, 25,8% - бөлімді немесе қызмет орнын өз бетінше тастап кету, 1,5% - қашқындық құрайды.

Есепті кезеңде тексерілген қылмыстар бойынша республиканы тұтастай алғанда материалдық залалдың анықталған сомасы 34394,1 млн. теңге болды, оның 58,1% - экономикалық қызмет саласындағы қылмыстардың, 28,1% - меншікке қарсы жасалған қылмыстардың үлесінде.

2007 жылғы қаңтар-тамызда республиканың құқық қорғау органдары қылмыс жасаған 51,6 мың адамды анықтады (2006 жылғы қаңтар-тамыздағыдан 5,1%-ға аз), 36,4 мың адам қылмыстық жауапқа тартылды, бұл 2006 жылғы сәйкес кезеңінен 10,3%-ға көп.

Қылмысы әшкереленген адамдардың 11,7% - әйелдер, 10,6% - жасы кәмелетке толмағандар. Мемлекеттік қызметті атқарушылардың үлесіне 3,4% келеді. Бұрын қылмыс жасаған адамдардың үлес салмағы – 7,5% құрады.

Қазақстан бойынша орташа алғанда әрбір он бірінші қылмыскер қылмысты - мас күйінде, әрбір үшінші - топ құрамында жасаған. Қылмыс жасағандығы әшкереленген адамдардың ең көбін (72,4%) – жұмыссыздар құрады.

11. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӨҢІРЛЕРІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ: САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

Өнеркәсіп. 2007 жылғы қаңтар-қыркүйекте өнеркәсіп өндірісі көлемінің өсуі 2006 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда Қарағанды және Солтүстік Қазақстан облыстарынан басқа республиканың барлық өңірлерінде байқалды. Ең көп өсімге Батыс Қазақстан (18,6%-ға), Қостанай (8,6%-ға), Ақмола мен Жамбыл (әрқайсысында 7,5%-дан) және Павлодар (7,1%-ға) облыстары, сондай-ақ Астана мен Алматы қалалары (тиісінше 24,3% және 9,8%-ға) қол жеткізді. Жоғары өсу қарқыны Атырау, Шығыс Қазақстан және Оңтүстік Қазақстан облыстарында байқалды. Қарағанды және Солтүстік Қазақстан областарында өнеркәсіп өнімінің өндірісі (тиісінше 0,8% және 1,4%-ға) төмендеді. Сонда 10 өңірде өнеркәсіп өндірісінің республикалық деңгейінен асып түсті.

2007 жылғы қаңтар-қыркүйектегі өнеркәсіп өнімі көлемінің өсуі (төмендеуі)
(2006 жылғы қаңтар-қыркүйекке, %-бен)



Шикі мұнай өндіру Батыс Қазақстан (22,6%-ға), Жамбыл (6,0%-ға), Атырау (4,9%-ға), Қызылорда (2,4%-ға) және Маңғыстау (2,3%-ға) облыстарында өсті. Осы кезеңде Ақтөбе облысында ол (5,2%-ға) төмендеді.

Газ конденсатын өндіру Батыс Қазақстан (21,8%-ға), Жамбыл (6,0%-ға) облыстарында өсті, Маңғыстау облысында (26,3%-ға) кеміді.

Қостанай облысында теміркенді шекемтастар өндірісі 6,7%-ға өсті.

Мыс кенін өндіру Шығыс Қазақстан облысында (8,8 есеге), Ақтөбе (6,5 есеге) өсті, ал Қарағанды облысында оны өндіру (17,0%-ға) төмендеді.

Болат қорыту Павлодар (44,0%-ға), Қостанай (24,8%-ға), Қарағанды (6,6%-ға) және Шығыс Қазақстан (6,2%-ға) облыстарында өсті.

Өңделмеген мырыш өндіру Шығыс Қазақстан облысында (1,4%-ға) өсті, ал Қарағанды облысында оны өндіру (23,6%-ға) кеміді.

Тазартылған мысты қорыту Алматы қаласында (31,7%-ға) өсті. Ал Шығыс Қазақстан және Қарағанды облыстарында оның өндірісі (тиісінше 41,8%-ға және 5,8%-ға) төмендеді.

Шығыс Қазақстан облысында жолаушыларға арналған жеңіл автомобильдер шығаруы 2,1 есеге өсті.

Электр энергиясын өндіру көлемінің ең жоғарғы өсімі Жамбыл облысында (84,0%-ға), Астана қаласында (41,8%-ға), Қызылорда (24,3%-ға), Оңтүстік Қазақстан (13,8%-ға) және Маңғыстау (12,6%-ға) облыстарында тіркелді, едәуір төмендеуі Алматы қаласында (33,4%-ға) байқалды.

Сары май өндіру көлемінің ең жоғарғы өсімі Алматы қаласында (32,8%-ға), Қостанай (13,5%-ға) және Жамбыл (12,5%-ға) облыстарында байқалды.

Осы уақытта сары май өндіру көлемінің айтарлықтай кемуі Астана қаласында (92,1%-ға), сондай-ақ Қызылорда (50%-ға), Батыс Қазақстан (59,8%-ға), Ақтөбе (40%-ға) және Ақмола (26,0%-ға) облыстарында тіркелді.

Тазартылған күнбағыс майын өндіру Оңтүстік Қазақстан (2,2 есеге), Ақтөбе (1,4 есеге) облыстарында және Алматы қаласында (19,9%-ға) өсті. Қарағанды, Шығыс Қазақстан және Қостанай облыстарында оны өндіру көлемі (тиісінше 67,7%, 52,6% және 31,9%-ға) төмендеді.

Жеміс және көкөніс шырындарын өндіру Қостанай облысында (3,2 есеге), Алматы (1,6 есеге), Оңтүстік Қазақстан (1,5 есеге) облыстарында және Алматы қаласында (20,0%-ға) өсті, осы уақытта Жамбыл облысында (40,5%-ға) кеміді.

Ауыл шаруашылығы. 2007 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша өткен жылғы тиісті күнмен салыстырғанда тұтастай алғанда облыстар шаруашылықтарының барлық санаттарында ірі қара мал, қой мен ешкі, жылқы саны өсті.

2007 жылғы қаңтар-қыркүйекте 2006 жылғы осы кезеңмен салыстырғанда ет өндіру көлемінің өсуі барлық облыстарда байқалды. Ет өндіру көлемінің ең жоғарғы өсіміне Шығыс Қазақстан (8,5%-ға), Қарағанды (6,8%-ға), Алматы (5,6%-ға) және Солтүстік Қазақстанда (5,1%-ға) облыстары қол жеткізді. Астана мен Алматы қалаларында ет өндіру көлемі 2006 жылғы қаңтар-қыркүйектегі деңгейде сақталды.

2006 жылғы қаңтар-қыркүйекпен салыстырғанда сүт өндірісі Астана мен Алматы қалаларынан басқа республиканың барлық облыстарында өсті. Сүт өндіру көлемінің аса жоғары өсімі Оңтүстік Қазақстан (6,6%-ға), Қарағанды (5,2%-ға), Қызылорда (4,8%-ға) және Ақтөбе (4,7%-ға) облыстарында тіркелді. Салыстырмалы жоғары өсу қарқыны Қостанай және Жамбыл (тиісінше, 3,7%-ға және 3,6%-ға) облыстарында тіркелді.

2007 жылғы қаңтар-қыркүйекте 2006 жылғы осы кезеңмен салыстырғанда жұмыртқа өндірісінің өсуі Қазақстанның 12 өңірінде байқалды. Аса жоғарғы өсу қарқынына Алматы (14,3%-ға), Батыс Қазақстан (13,2%-ға), Шығыс Қазақстан (12,8%-ға) және Оңтүстік Қазақстан (10,5%-ға) облыстары мен Алматы қаласы (40,0%-ға) қол жеткізді. Оның төмендеуі Ақмола (12,0%-ға), Қарағанды (10,9%-ға) және Қызылорда (5,1%-ға) облыстарында байқалды. Астана қаласында жұмыртқа өндіруі 2006 жылғы қаңтар-қыркүйектегі деңгейде сақталды.

Инвестициялар. 2007 жылғы қаңтар-қыркүйекте негізгі капиталға жұмсалған инвестициялар (жете бағалауды ескере отырып) 2135,6 млрд. теңгені құрады, бұл 2006 жылғы осы кезеңдегіден 11,9%-ға көп.

Инвестицияның өсуі республиканың 13 өңірінде байқалды. Айтарлықтай өсуі Ақмола (2,0 есеге), Батыс Қазақстан (1,5 есеге), Ақтөбе және Қостанай (әрқасысында 1,2 еседен) облыстарында тіркелді. Жоғарғы өсу қарқыны, сондай-ақ, Оңтүстік Қазақстан (18,0%-ға) және Алматы (17,3%-ға) облыстарында байқалды. Астана және Алматы қалаларында инвестициялар көлемі (тиісінше, 30,9%-ға, 20,6%-ға) өсті. Сол уақытта инвестициялар көлемінің төмендеуі Атырау – 1,9%-ға, Солтүстік Қазақстан – 2,5%-ға, Маңғыстау – 16,1%-ға және облыстарында тіркелді.

Тұрғын үйлерді пайдалануға беру. 2007 жылғы қаңтар-қыркүйекте тұрғын үйлерді пайдалануға беру көлемі өткен жылдың осы кезеңіндегі деңгейден Оңтүстік-Қазақстан облысынан басқа (кемуі - 4,5%-ға) республиканың барлық өңірлерінде асып түсті.

Аса белсенді тұрғын үй құрылысы Астана (1,8 есеге) және Алматы қалаларында (1,3 есеге), Атырау (2,7 есеге), Қарағанды (2,1 есеге), Шығыс Қазақстан (1,9 есеге) облыстарында жүргізіліп жатыр. Тұрғын үй құрылысының жоғарғы өсу қарқыны Маңғыстау (37,8%-ға), Батыс Қазақстанда (28,2%-ға), Солтүстік Қазақстан (26,0%-ға), Ақмола (21,0%) және Қостанай (20,6%-ға) облыстарында байқалды.

Бөлшек сауда тауар айналымы. 2007 жылғы қаңтар-қыркүйекте бөлшек сауда тауар айналымының көлемі 1319,1 млрд. теңгені құрады және өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда (салыстырмалы бағада) 10,5%-ға өсті.

2007 жылғы қаңтар-қыркүйекте өңірлер бөлінісіндегі бөлшек сауда тауар айналымы көлемінің өсуі өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда (салыстырмалы бағада) республиканың барлық өңірлерінде байқалды. Айтарлықтай өсу Астана қаласында (37,1%-ға), Атырау (39,5%-ға), Жамбыл (28,4%-ға), Маңғыстау (27,1%-ға), Алматы (19,6%-ға) және Ақмола (17,2%-ға) облыстарында байқалды. Солтүстік Қазақстан облысында бөлшек сауда тауар айналымының шамалы өсуі (0,3%-ға) байқалды.

Тұтыну бағасының индексі. 2007 жылғы қаңтар-қыркүйекте тұтыну тауарлары мен қызмет көрсетулердің бағасы 2006 жылғы қаңтар-қыркүйекпен салыстырғанда республиканың барлық өңірлерінде өсті.

Бағаның ең жоғарғы өсімі Оңтүстік Қазақстан (9,4%-ға), Шығыс Қазақстан (9,0-ға), Солтүстік Қазақстан (8,1%-ға), Павлодар (8,0%-ға), Жамбыл (7,9%-ға), Ақмола және Қостанай (әрқайсысында 7,8%-ға) облыстарында, сондай-ақ Астана мен Алматы қалаларында (тиісінше 10,4% және 12,8%-ға) тіркелді.

2007 жылғы қаңтар-қыркүйекте өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда азық-түлік тауарлары бағасының өсуі республиканың барлық өңірлерінде байқалды. Бағаның елеулі өсуі Маңғыстау (10,2%-ға), Оңтүстік Қазақстан (9,0%-ға), Ақтөбе (8,3%-ға), Қарағанды мен Павлодар (әрқайсысында 7,6%-дан) облыстарында, сондай-ақ Астана – 12,9%-ға және Алматы – 12,2%-ға қалаларында тіркелді.

Азық-түлік емес тауарлар бойынша бағаның өсуі барлық өңірлерде байқалды. Азық-түлік емес тауарларға бағаның едәуір өсуі Батыс Қазақстан (8,0%-ға), Қызылорда (7,3%-ға), Атырау (7,2%-ға) және Алматы (7,1%-ға) облыстарында, сондай-ақ Астана мен Алматы қалаларында - тиісінше 7,5% және 10,9%-ға тіркелді.

Республиканың барлық өңірлерінде халыққа көрсетілетін ақылы қызметтер бағалары мен тарифтерінің өсуі байқалды. Ең жоғарғы өсім Шығыс Қазақстан (14,7%-ға), Оңтүстік Қазақстан (13,7%-ға), Ақмола (11,9%-ға), Қостанай (11,7%-ға), Солтүстік Қазақстан (11,3%-ға) және Жамбыл (11,1%-ға) облыстарында, сондай-ақ Астана мен Алматы қалаларында (тиісінше 9,8% және 16,0%-ға) тіркелді.

Халықтың ақшалай табысы. 2007 жылғы тамызда Қазақстанда халықтың жан басына шаққандағы орташа ақшалай табысы (бағалау бойынша) 25080 теңгені құрады. Атырау және Маңғыстау облыстары республиканың аса жоғары табысты өңірлері болып табылады, олардың табысы орташа республикалық деңгейден тиісінше 2,6 және 1,9 есеге асып түсті. Астана және Алматы қалаларындағы халықтың орташа жан басына шаққандағы ақшалай табыстарының деңгейі орташа республикалық деңгейден (тиісінше, әрқайсысында 2,0 еседен) асты. Халықтың жан басына шаққандағы ең төменгі ақшалай табысы Алматы, Оңтүстік Қазақстан және Жамбыл облыстарында (тиісінше: орташа республикалық деңгейден 58,6%, 55,3% және 54,8%) байқалды.

Еңбек рыногы. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің деректері бойынша 2007 жылғы қыркүйектің соңына жұмыссыздар ретінде тіркелген азаматтар саны 65,5 мың адамды құрады. Тіркелген жұмыссыздардың экономикалық тұрғыдан белсенді халық санындағы үлесі – 0,8% құрады. Өңірлер бөлінісінде бұл көрсеткіш 7 облыста асып түскен. Жұмыссыздардың қомақты үлесі Павлодар (1,6%), Шығыс Қазақстан (1,2%), Атырау және Батыс Қазақстан (әрқайсысында 1,1%-дан), Қызылорда мен Солтүстік Қазақстанда (әрқайсысында 1,0%-дан) облыстарына келеді. Астана мен Алматы қалаларында бұл көрсеткіш – әрқайсысында 0,5%-дан құрады.

12. КОНЪЮНКТУРАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР

1. Өнеркәсіп кәсіпорындарының іскерлік белсенділігін зерттеу

2007 жылдың қыркүйегінде 857 ірі және орта өнеркәсіп кәсіпорындары зерттелді, оның ішінде 104 - кен өндіру өнеркәсібі (сұралғандардың жалпы санының 12%-ы), 582 (68%) - өңдеу өнеркәсібі және 171 (20%) - электр энергиясын, газ бен суды өндіру және бөлу кәсіпорындары.

Ағымдағы жылдың қыркүйегінде сұралған кәсіпорындардың іскерлік белсенділігін сипаттайтын кәсіпкерліктің сенімділік индексі өткен аймен салыстырғанда 1 пайыздық тармаққа кеміп, (+11)% (маусымдылық факторы есебімен) құрады.

Жақын арадағы 2-3 айда (2007ж. қазан-желтоқсан) басшылардың көпшілігінің бағалауы бойынша өнеркәсіп кәсіпорындарының іскерлік белсенділігінің төмендеуі күтілуде. Кәсіпкерліктің сенімділік индексі 2007 жылдың қыркүйегімен салыстырғанда 7 пайыздық тармаққа кеміп, (+4)%-ды құрайды.

Өнеркәсіп кәсіпорындарындағы кәсіпкерліктің сенімділік индексінің серпіні
(маусымдылық факторысыз)

баланс, %



Кен өндіру өнеркәсібі кәсіпорындарында кәсіпкерліктің сенімділік индексі өткен аймен салыстырғанда 1 пайыздық тармаққа өсіп, (+15)%-ды құрады, ал кен өңдеу кәсіпорындарында 5 пайыздық тармаққа кеміп, (+9)%-ды құрады.

Электр энергиясын, газ бен су өндіру және бөлу бойынша зерттелген кәсіпорындарда кәсіпкерліктің сенімділік индексі ағымдағы жылдың тамызымен салыстырғанда (+12)%-дан (+21)%-ға дейін өсті. Бұл маусымдық фактордың әсерімен байланысты.

2. Сауда кәсіпорындарының іскерлік белсенділігін зерттеу

2007 жылдың қыркүйегінің соңында 1428 сауда кәсіпорындарынан сауалдама алынған болатын, оның ішінде 519 – бөлшек сауда (сұралғандардың жалпы санының 36%-ы), 877 – көтерме сауда (62%) және 32 – сауда делдалдық кәсіпорындары (2%).

Ағымдағы жылдың қыркүйегінде сұралған кәсіпорындардың басшылары экономикалық жағдайы “жақсы” және “қанағаттанарлық” деп сипаттаған сауда кәсіпорындарының үлесі өткен аймен салыстырғанда өзгерген жоқ, ол 97%-ды құрады.

Сауда кәсіпорындарының іскерлік белсенділігін сипаттайтын кәсіпкерліктің сенімділік индексі ағымдағы жылдың қыркүйегінде ағымдағы жылдың тамызымен салыстырғанда 2 пайыздық тармаққа кеміп, (+15)%-ды (маусымдылық факторы есебімен) құрады.

Жақын арадағы 2-3 айда (2007ж. қазан-желтоқсан) басшылардың көпшілігінің бағалауы бойынша іскерлік белсенділіктің шамалы өсуі күтілуде, кәсіпкерліктің сенімділік индексі ағымдағы жылдың қыркүйегімен салыстырғанда 4 пайыздық тармаққа өсіп, (+19)%-ды құрайды.

Сауда кәсіпорындарындағы кәсіпкерліктің сенімділік индексінің серпіні
(маусымдылық факторысыз)

баланс, %



Ағымдағы жылдың қыркүйегінде көтерме және бөлшек сауда кәсіпорындарындағы кәсіпкерліктің сенімділік индексі өткен аймен салыстырғанда 2 пайыздық тармаққа кеміп, тиісінше (+14)% және (+13)%-ды құрады, ал сауда делдалдығы саласында аталған индекс (+3)%-ға тең болды, бұл ағымдағы жылдың тамызындағы көрсеткіштен 17 пайыздық тармаққа аз.

3. Тұтынушыларды зерттеу

2007 жылдың қыркүйегінде өңірлік статистика басқармаларының қызметкерлері түрлі топтардағы тұтынушыларды (қала мен ауыл халқы, фирмалар мен банктердің, мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың қызметкерлері, үй шаруасындағы әйелдер мен зейнеткерлер және басқалары) – 1600 респонденттерді кезекті зерттеуден өткізді. Зерттеудің негізгі мақсаты – ел экономикасындағы және жеке үй шаруашылығындағы өзгерістер туралы тұтынушылардың жеке пікірлерін анықтау. Одан басқа, сауалдама үй шаруашылықтарында ұзақ пайдаланатын тауарларға деген тұтынушылар сұранысының үрдісін қадағалауға мүмкіндік береді.

Ағымдағы жылдың қыркүйегінде **"Тұтынушылардың сезіну индексі"** өткен аймен салыстырғанда 5 пайыздық тармаққа кеміп, **(+19)%** құрады.

"Экономикалық ахуал индексі" өткен аймен салыстырғанда 9 пайыздық тармаққа кеміп, **(+17)%** құрады.

"Сатып алу тілегінің индексі" өткен аймен салыстырғанда 2 пайыздық тармаққа кеміп (**+21)%**-ды құрады (диаграмманы қараңыз).

Ағымдағы жылдың қыркүйегінде респонденттердің 34%-ы соңғы 12 ай ішінде еліміздегі экономикалық жағдайдың жақсарғанын атап өтті, сол мезгілде тұтынушылардың 15%-ы жағдайдың нашарлағанын хабарлады.

Респонденттердің 33%-ы алдағы 12 айда елдегі жалпы экономикалық жағдайдың жақсаратынын күтеді, ал 16% жағдайдың нашарлауы мүмкін деп есептейді.

Респонденттердің үштен бірінен астамы (35%) 2007 жылдың қыркүйегінде жеке үй шаруашылығындағы қаржы жағдайының жақсарғанын, тиісінше, өткен аймен салыстырғанда ұзақ пайдаланатын тауарларға сұраныстың өскені туралы хабарлады. Сонымен бірге, сұралғандардың жалпы санының 14%-ы өз үй шаруашылығындағы қаржы-экономикалық жағдайдың нашарлағанын айтады.

Респонденттердің 20%-ның пікірі бойынша еліміздегі жұмыссыздық деңгейіне қатысты ахуал алдымыздағы 12 айдың ішінде жақсарады десе, сол кездегі сұралғандардың 25%-ы оған қарама-қарсы пікірде болып отыр.

Алдымыздағы 12 айдың ішінде үй шаруашылығындағы ақшалай қорланым сомасының өсу мүмкіндігін сұралған тұтынушылардың 41%-ы атап өтсе, ал 40%-ы оның кемитінін айтты.

Тұтынушылар бағасы

баланс, %



13. ТМД ЕЛДЕРІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

(ТМД Статкомитетінің деректері бойынша)

2007 жылғы қаңтар-тамызда, бағалау бойынша, жалпы ішкі өнім 2006 жылғы қаңтар-тамызбен салыстырғанда Достастық елдері бойынша орта есеппен 9,0%-ға (2006 жылғы қаңтар-тамызда – 6,0%-ға) өсті.

Достастық елдері бойынша орта есеппен алғандағы негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер

(өсім, өткен жылғы тиісті кезеңге, %-бен)



** Құбырларсыз.*

2007 жылғы қаңтар-тамызда өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда Достастық елдері бойынша **өнеркәсіп өндірісінің** өсімі орта есеппен 8% (2006 жылғы қаңтар-тамызда – 5%) құрады. Әзірбайжанның (өсім 32,7%) және Украинаның (10,9%) өнеркәсібі өте жоғары қарқынмен дамыды. Қазақстанда өнеркәсіп өндірісінің көлемі 5,0%-ға өсті.

Достастық елдеріндегі өнеркәсіп өндірісі

(тұрақты бағаларда; өсім, өткен жылғы тиісті кезеңге %-бен)



2007 жылғы қаңтар-тамызда 2006 жылғы қаңтар-тамызға қарағанда Достастық елдері бойынша өнеркәсіп өнімін өндірушілер бағасының индексі орта есеппен 11% (2006 жылғы қаңтар-тамызда – 14%) құрады. Беларусь, Молдова, Тәжікстан және Украина (16-26%) елдерінің өнеркәсібінде жоғары баға өсуі белгіленді.

Ауыл шаруашылығы. Өсімдік шаруашылығы. Достастық елдерінде дәнді дақылдарды жинау аяқталуға жақын.

2007 жылғы қыркүйек айының басында Әзірбайжанда жиналуға тиісті алқаптың 99,8%-ы бастырылды, бастырылған егін 1,8 миллион тонна дәнді және дәнді-бұршақты дақылдарды (жүгерісіз; бастапқы кіріске алынған салмағында) құрады, бұл 2006 жылғы қыркүйек айының басындағыдан 5%-ға аз. Жиналған алқаптың бір гектарынан 26,2 центнер астық алынды, бұл өткен жылғы деңгейден 2%-ға көп.

Беларусьтің ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында 1 қыркүйекке қарсы 2,2 миллион гектар жердің дәнді дақылдары орылды (жиналуға тиісті алқаптың 99,6%-ы), 6,9 миллион тонна астық бастырылды, бұл 2006 жылғы осы күнгі көрсеткіштен 22%-ға көп. Шығымдылық бір гектардан 30,9 центнерді құрап, 6%-ға өскен.

Қырғызстанда 1 қыркүйекке жиналуға тиісті алқаптың 69%-нан 796 мың тонна астық бастырылды (өткен жылғы осы күнгі көрсеткіштен 14%-ға аз), жиналған алқаптың бір гектарынан 21,6 центнер астық алынды (өткен жылғыдан 8%-ға аз).

Ресейде қыркүйек айының басында 19,6 миллион гектар жердің астығы жиналып (жиналуға тиісті алқаптың 60%-ы), өнім 46,3 миллион тонна астықты құрады, бұл 2006 жылғы қыркүйек айының басындағыдан 16%-ға көп. Дәнді дақылдардың шығымдылығы бір гектардан 23,6 центнерді құрап, 3%-ға өскен.

Тәжікстанда 1 қыркүйекке жиналуға тиісті алқаптың 44%-ы орылды (219 мың гектар), 380 мың тонна астық бастырылды (өткен жылдың осы күніне қарағанда 5%-ға көп), шығымдылық гектардан 17,4 центнерді (3%-ға көп) құрады.

Украинада ағымдағы жылдың 31 тамызына дәнді дақылдар егілген 11,2 миллион гектар жерден (жиналуға тиісті алқаптың 86%-ы), 22,5 миллион тонна астық алынды, бұл 2006 жылғы осы күнгі көрсеткіштен 20%-ға аз, шығымдылық гектардан 20,2 центнерді құрады, 2006 жылғы 31 тамызда 24,2 центнер болған.

Әзірбайжанда картоп жиналуға тиісті алқаптың 77%-нан, Беларусьте – 3%, Қырғызстанда - 20%, Ресейде - 10%, Украинада - 54% жиналды. Картоптың шығымдылығы өткен жылдың тиісті күнімен салыстырғанда Әзірбайжанда - 3%-ға өсіп, гектардан 142 центнерге, Қырғызстанда - 2%-ға және 146 центнерге жетті. Ресейде жиналған алқаптың бір гектарынан 171 центнер астық алынды, бұл 2006 жылғы осы күндегіден 1%-ға аз. Беларусьте және Украинада былтырғы жылғы деңгейде қалды, бір гектардан, тиісінше 188 және 122 центнер құрады.

Мал шаруашылығы. 2007 жылғы қаңтар-тамызда 2006 жылғы қаңтар-тамызбен салыстырғанда Достастық елдері бойынша союға арналған мал мен құс (тірі салмағында) орта есеппен - 9%-ға көп (2006 жылғы қаңтар-тамызда – 5%-ға көп), сүт – 0,7%-ға аз (0,2%-ға аз), жұмыртқа – 0,3%-ға көп (4%-ға көп) өндірілді. Достастықтың барлық елдеріндегі шаруашылықтарда союға арналған мал мен құс (тірі салмағында) өндірісінің өсуі байқалады. Беларусьте және Украинада сүт пен жұмыртқа өндірісі төмендеді.

Инвестиция мен құрылыс. Достастық елдеріндегі негізгі капиталға (тұрақты бағаларда) жұмсалған инвестициялар көлемі 2007 жылғы қаңтар-тамызда өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда орта есеппен 22%-ға (2006 жылғы қаңтар-тамызда – 13%) өсті.

2007 жылғы қаңтар-тамызда Достастық елдеріндегі іске қосылған тұрғын үйлердің жалпы алаңы 2006 жылғы сәйкес кезеңіне қарағанда 33%-ға (2006 жылғы қаңтар-тамызда – 12%-ға) көп.

Көлік. 2007 жылғы қаңтар-тамызда көлік кәсіпорындары тасымалдаған жүк көлемі (құбырларсыз) өткен жылғы қаңтар-тамызбен салыстырғанда Достастық елдері бойынша орта есеппен 6% (2006 жылғы қаңтар-тамызда – 7%), жүк айналымы - 8%-ға (5%-ға) өсті.

Көлік кәсіпорындарының жолаушылар айналымы (қалалық электр көлігі және жеңіл таксомоторлықтан басқа) 2006 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда Достастық елдері бойынша орта есеппен 1%-ға (2006 жылғы қаңтар-тамызда – 4%) аз, тасымалданған жолаушылар саны 3%-ға (2006 жылғы қаңтар-тамызда - 4%) көп болды.

Тұтыну рыногы. 2007 жылғы қаңтар-тамызда 2006 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда бөлшек сауда тауар айналымының нақты көлемі Достастық елдерінде орта есеппен 16%-ға (2006 жылғы қаңтар-тамызда – 14%-ға) өсті.

Тұтыну рыногындағы баға. 2007 жылғы қаңтар-тамызда Достастықтың бірқатар елдерінің тұтыну рыноктарында инфляциялық процестердің жеделдегені белгіленді.

Достастық елдеріндегі тұтыну бағаларының деңгейі

(өсім; өткен жылдың желтоқсанына, %-бен)



2007 жылғы қаңтар-тамызда 2006 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда тұтыну бағалары Тәжікстанда 18,4%, Әзірбайжанда - 15,9%, Беларусьте, Грузияда, Қазақстанда, Украинада, Ресейде және Молдовада – 7,5%-дан 11,7%-ға дейін, Қырғызстанда – 5,7%, Арменияда - 3,9%-ға өсті. Ағымдағы жылғы тамызда шілдемен салыстырғанда бағаның ең жоғары өсуі Молдовада - 2,2%, Қырғызстанда - 1,9%-ға байқалды, ал бағаның төмендеуі Арменияда - 1,5% құрады.

2007 жылғы тамызда шілдемен салыстырғанда азық-түлік тауарлары бағасы Қырғызстанда – 2,7%, Молдовада - 2,2%, Әзірбайжанда – 1,3%-ға жоғарылады.

Ағымдағы жылғы тамызда шілдемен салыстырғанда көптеген елдерде азық-түлік емес тауарлар бағасы, 2006 жылғы тамыз айындағыдай қарқынмен 0,4-1%-ға өсті.

Ағымдағы жылғы тамызда шілдемен салыстырғанда ақылы қызмет көрсету бағалары Молдовада – 5,2%, Беларусьте – 1,4%-ға жоғарылады; Әзірбайжанда өзгеріссіз қалды; Достастықтың басқа елдерінде қызметтер бағасы 0,2-0,7%-ға қымбаттады.

Қаржы. 2007 жылғы тамызда Достастықтың елдеріндегі **валюталық рыноктарындағы** ахуалдың тұрақтылығы сақталды. Тамыздың соңында ағымдағы жылғы шілде айының соңымен салыстырғанда АҚШ долларының бағамы түрікмен манатына және украин гривнасына қарағанда өзгеріссіз қалды; әзірбайжан манатына, армян драмына, молдаван лейіне қарағанда – 0,2%-ға, грузин лариіне – 0,3%-ға төмендеді. Оның бағамы басқа Достастық елдерінде Беларусь пен Тәжікстанда – 0,1%, Қазақстанда - 2,1%, Қырғызстанда – 0,02%, Ресейде - 0,2% және Өзбекстанда - 0,3%-ға өсті.

Достастықтың көптеген елдерінде ағымдағы жылғы тамызда бірыңғай еуропалық валютаға қарағанда ұлттық валюталардың нығаюы белгіленді. Тамыздың соңында ағымдағы жылғы шілде айының соңымен салыстырғанда еуро бағамы: Әзірбайжанда және Молдовада – 0,5%, Армения мен Грузияда – 0,6%, Беларусьте – 0,1%, Қырғызстанда – 0,8%, Тәжікстанда – 0,7%, Түрікменстанда – 0,4%, Өзбекстанда – 1,7%, Украинада – 0,3%, Қазақстан және Ресейде –тиісінше 1,6% және 0,2%-ға төмендеді.

Ресей рубліне қатысты Достастықтың барлық елдерінде осыған ұқсас ахуал байқалады. Тамыздың соңына ағымдағы жылғы шілде айының соңымен салыстырғанда ресей рублінің бағамы әзірбайжан манатына және өзбек сумына - 0,3%, армян драмына мен түрікмен манатына – 0,4%, белорусь рубліне – 0,1%, грузин лариіне және украин гривнасы - 0,6%, қырғыз сомына - 1,0%, молдаван лейіне - 0,7%, тәжік сомониіне – 0,5%-ға төмендеді; Қазақстанда ол - 1,7%-ға өсті.

Сыртқы сауда. 2007 жылғы қаңтар-шілдеде өткен жылғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда Достастық елдері бойынша тауарлар экспортының жалпы көлемі орта есеппен 13%, тауарлар импорты – 43%-ға өсті.

2007 жылғы қаңтар-шілдедегі Достастық елдерінің өзара саудасы

(өсім, өткен жылғы тиісті кезеңге %-бен)



2007 жылғы қаңтар-шілдедегі Достастық елдерінің әлемнің басқа елдерімен экспорттық-импорттық операциялары

(өсім, өткен жылғы тиісті кезеңге %-бен)



Ағымдағы жылғы қаңтар-шілдеде ТМД елдерінің арасындағы тауарлардың өзара саудасының құндық көлемі 2006 жылғы қаңтар-шілдемен салыстырғанда орта есеппен 32%, оның ішінде экспорт – 31%, импорт – 33%-ға өсті.

2007 жылғы қаңтар-шілдеде 2006 жылғы қаңтар-шілдемен салыстырғанда Достастық елдерінің әлемнің басқа елдерімен жасасқан тауарлар экспортының құндық көлемі орта есеппен 10%, импорт - 47%-ға өсті.

Жалақы. 2007 жылғы қаңтар-тамызда есептелген орташа айлық атаулы жалақы Әзірбайжанда – 192,8 манатты, Арменияда – 79,0 мың драмды, Беларусьте – 737,3 мың беларусь рублін, Қазақстанда – 50,1 мың теңгені, Қырғызстанда – 3950 сомды, Молдовада – 2131 лейді, Ресейде – 13410 рубльді, Тәжікстанда – 160,2 сомониді, Украинада – 1398 гривнаны құрады.

Достастық елдеріндегі нақты жалақының деңгейі

(өсім, өткен жылғы тиісті кезеңге %-бен)



Достастық елдерінің ұлттық (орталық) банктерімен белгіленген валюталардың ресми бағамдарынан алатын болсақ, Әзірбайжанда орташа жалақы 2007 жылғы тамызда – 226 АҚШ долларына, 2006 жылғы тамызда – 165 долларына, Арменияда – тиісінше 234 және 156, Белорусьте - 343 және 291, Қазақстанда – 433 және 434, Қырғызстанда – 104 және 75, Молдовада – 177 және 133, Ресейде – 523 және 405, Тәжікстанда – 47 және 35, Украинада – 277 және 212 АҚШ долларына сәйкес болды.

Еңбек рыногы. 2007 жылғы тамыз айының соңына Достастық елдерінің жұмыспен қамту қызметтерінде жұмыс іздеп жүрген 3 миллионға жуық адам тіркелген.

2007 жылғы қаңтар-тамыздың ішінде (өткен кезеңде жұмыспен қамту қызметтеріне жұмыс іздеу мәселелері бойынша келген адамдар санынан жұмысқа орналасқандарды қоса) жұмыспен қамтылмаған азаматтардың жалпы санынан Әзірбайжанда - 58,2%, Арменияда – 22,9%, Беларусьте – 62,8%, Қазақстанда – 84,4%, Қырғызстанда – 50,5%, Молдовада – 43,8%, Ресейде – 91,9%, Тәжікстанда (қаңтар-шілдеде) – 21,8% және Украинада – 72,5% жұмысқа орналасты.

Достастық елдерінде тіркелген жұмыссыздық деңгейі

(кезең соңына; экономикалық тұрғыдан белсенді халыққа, %-бен)



*) *Шілде*

1. КРАТКИЕ ИТОГИ СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН В ЯНВАРЕ-СЕНТЯБРЕ 2007 ГОДА

Реальный сектор экономики. Объем промышленного производства в январе-сентябре 2007г. составил в действующих ценах 5402 млрд. тенге, что на 4,7% больше, чем в январе-сентябре 2006г. В обрабатывающей промышленности объем производства по сравнению с аналогичным периодом 2006г. возрос на 7,2%, в производстве и распределении электроэнергии, газа и воды – на 5,3%, в горнодобывающей промышленности – на 3,1%.

Объем валовой продукции сельского хозяйства в январе-сентябре 2007г. составил в текущих ценах 828,9 млрд. тенге и по сравнению с январем-сентябрем 2006г. увеличился на 8,1%.

Общий объем грузоперевозок (с учетом оценки объема перевозок грузов нетранспортными организациями и предпринимателями, занимающимися коммерческими перевозками) в январе-сентябре 2007г. составил 1525,4 млн. тонн и по сравнению с соответствующим периодом 2006г. возрос на 5,1%.

Объем розничного товарооборота (без оборота общественного питания) за отчетный период составил 1319,1 млрд. тенге и увеличился по сравнению с январем-сентябрем 2006г. на 10,5%.

Объем инвестиций в основной капитал в январе-сентябре 2007г. составил 2135,7 млрд. тенге, что на 11,9% больше, чем в январе-сентябре 2006г.

По состоянию на 1 октября 2007г. в республике зарегистрировано 263957 юридических лиц, в том числе с численностью до 50 человек - 249272. Действующих юридических лиц – 182395. Среди действующих юридических лиц малые предприятия составляют - 168696, из них субъектов малого бизнеса – 121733.

Внешняя торговля. Внешнеторговый оборот Казахстана (данные Комитета таможенного контроля Министерства финансов Республики Казахстан, без учета неорганизованной торговли) в январе-августе 2007г. составил 50168,3 млн. долл. США и по сравнению с январем-августом 2006г. увеличился на 31,2%, в том числе экспорт – 29376,7 млн. долл. США (увеличился на 22,9%), импорт – 20791,6 млн. долл. США (увеличился на 45,2%).

Цены. Индекс потребительских цен в сентябре 2007г. по сравнению с сентябрем 2006г. составил 111,2%. Цены на продовольственные товары возросли на 14,4%, непродовольственные товары – на 7,5%, платные услуги – на 10%. Цены предприятий-производителей промышленной продукции в сентябре 2007г. повысились по сравнению с сентябрем 2006г. на 111,2%.

Финансы. Доходы в Государственный бюджет Республики Казахстан, по оперативным данным Министерства финансов РК, на 1 сентября 2007г. доходы составили 1796,6 млрд. тенге, затраты – 1674,5 млрд. тенге. По сравнению с соответствующим периодом 2006 года доходы увеличились на 14,7%, а затраты на 17,6%.

За II квартал 2007г., по данным отчитавшихся предприятий и организаций, финансовый результат определился как доход в сумме 898,5 млрд. тенге, что на 14,4% выше, чем во II квартале 2006г. Уровень рентабельности составил 35,9%. Доля убыточных предприятий составила 36,7% от общего числа отчитавшихся предприятий.

По данным Нацбанка Республики Казахстан, кредитные вложения банков второго уровня в отрасли экономики, на конец августа 2007г. составили 7129,9 млрд. тенге. В общем объеме кредитных вложений доля долгосрочных кредитов составила 78,8%, доля кредитов в иностранной валюте – 44,3%. Объем депозитов в банковской системе на конец августа 2007г. составил 3766 млрд. тенге, что на 56,3% больше, чем в соответствующем периоде 2006г., депозиты (вклады) населения – 1437,2 млрд. тенге, и на 78,4% соответственно.

